Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының ғылыми-зерттеу қызметін басқарудың цифрлық экожүйесінің тұжырымдамалық моделі

Мақалада Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының ғылыми-зерттеу қызметін цифрлық трансформациялаудың өзекті мәселелері қаралады. Ведомстволық ғылымның қазіргі жай-күйіне талдау жүргізілді және құқық қорғау қызметі мүддесінде ғылыми

әлеуетті тиімді пайдалануға кедергі келтіретін негізгі ұйымдастырушылық проблемалар анықталды. Бірыңғай ақпараттық кеңістік шеңберінде ғылыми зерттеулерді жоспарлау, ғылыми қорды басқару, ғылыми әлеуетті бағалау, талдамалық сүйемелдеу және әкімшілік басқару процестерін интеграциялауды қамтамасыз ететін ғылыми-зерттеу қызметін басқарудың цифрлық экожүйесінің тұжырымдамалық моделі ұсынылды. Басқару шешімдерінің тиімділігін арттыру және құқық қорғау органдарының қызметін ғылыми қамтамасыз етуді жетілдіру үшін цифрлық экожүйені енгізудің практикалық маңыздылығы негізделген.

Кілтті сөздер: *цифрлық трансформация, ведомстволық ғылым, ғылыми-зерттеу қызметі, цифрлық экожүйе, құқық қорғау органдары, білімді басқару, ғылыми әлеует, деректерді талдау, ғылыми қор, басқару шешімдері.*

Conceptual Model of the Digital Ecosystem for Managing Research Activities in Law Enforcement Agencies of the Republic of Kazakhstan

The article examines topical issues of the digital transformation of research and development activities within the law enforcement agencies of the Republic of Kazakhstan. An analysis of the current state of departmental science is carried out, and the main organizational problems hindering the effective utilization of scientific potential in the interests of law enforcement are identified. A conceptual model of a digital ecosystem for managing research activities is proposed, ensuring the integration of research planning processes, research fund management, scientific potential assessment, analytical support, and administrative management within a single information space. The practical significance of implementing the digital ecosystem is substantiated in terms of enhancing the efficiency of managerial decision-making and improving the scientific support for the activities of law enforcement agencies.

Keywords: *digital transformation, departmental science, research and development activities, digital ecosystem, law enforcement agencies, knowledge management, scientific potential, data analytics, research fund, managerial decisions.*

Введение

Современные процессы цифровой трансформации государственного управления оказывают существенное влияние на развитие всех сфер общественной деятельности, включая науку, образование и систему обеспечения общественной безопасности. В условиях формирования цифрового государства особое значение приобретает способность государственных органов использовать научные знания и современные информационные технологии для повышения эффективности

принимаемых решений, совершенствования управленческих процессов и обеспечения устойчивого развития.

В Республике Казахстан вопросы цифровизации государственного управления определены одним из приоритетных направлений государственной политики. В Национальном плане развития Республики Казахстан до 2029 года особое внимание уделяется внедрению цифровых технологий, развитию интеллектуальных систем управления и формированию эффективной цифровой инфраструктуры государственного сектора [1]. В свою очередь, Концепция развития высшего образования и науки Республики Казахстан на 2023–2029 годы предусматривает создание цифровой экосистемы науки, направленной на повышение эффективности научной деятельности и развитие механизмов управления знаниями [2].

Для правоохранительных органов вопросы научного обеспечения приобретают особую актуальность в связи с постоянным усложнением криминогенной обстановки, развитием цифровых технологий и появлением новых угроз общественному порядку и общественной безопасности. В современных условиях эффективность деятельности правоохранительных органов во многом зависит от качества научного сопровождения, своевременности внедрения результатов исследований в практику и способности ведомственной науки оперативно реагировать на возникающие вызовы.

Научно-исследовательская деятельность в системе правоохранительных органов выполняет комплекс взаимосвязанных функций, включающих научное сопровождение правоприменительной практики, совершенствование нормативно-правового регулирования, разработку методических рекомендаций, подготовку научных кадров и формирование интеллектуального потенциала ведомства. Вместе с тем существующая система организации научной деятельности в значительной степени сохраняет традиционные подходы к управлению научными процессами, что ограничивает возможности эффективного использования результатов исследований в интересах правоохранительной деятельности.

Анализ современного состояния ведомственной науки показывает, что информация о научных проектах, результатах исследований, публикациях, актах внедрения и научных кадрах зачастую хранится в различных информационных массивах и базах данных. Отсутствие единой информационной среды затрудняет доступ к научным ресурсам, усложняет процессы мониторинга и оценки результативности научной деятельности, а также ограничивает возможности аналитического сопровождения управленческих решений.

В мировой практике одним из наиболее перспективных направлений решения указанных проблем является создание цифровых экосистем управления научной деятельностью, основанных на интеграции процессов планирования исследований, управления знаниями, оценки

результативности и аналитической поддержки руководства. Подобные решения позволяют обеспечить прозрачность научных процессов, повысить эффективность использования научного потенциала и создать условия для принятия управленческих решений на основе объективных данных.

В этой связи особую актуальность приобретает разработка концептуальных подходов к формированию цифровой экосистемы управления научно-исследовательской деятельностью правоохранительных органов Республики Казахстан.

Постановка проблемы

Несмотря на проводимую государством работу по развитию науки и цифровизации управленческих процессов, организация научно-исследовательской деятельности в правоохранительной сфере продолжает сталкиваться с рядом системных проблем.

Во-первых, сохраняется высокая степень фрагментарности научных ресурсов. Результаты научных исследований, научные публикации, диссертационные работы, аналитические материалы и акты внедрения аккумулируются в различных информационных системах либо хранятся в локальных архивах отдельных организаций. Подобная ситуация затрудняет поиск научной информации, способствует дублированию исследований и снижает эффективность использования накопленных научных знаний.

Во-вторых, отсутствуют единые механизмы комплексной оценки научной деятельности. В большинстве случаев результативность научных исследований оценивается посредством количественных показателей публикационной активности, что не позволяет объективно определить степень влияния научных разработок на совершенствование правоохранительной практики и развитие ведомственной науки.

В-третьих, значительная часть процессов управления научной деятельностью остается недостаточно автоматизированной. Подготовка отчетности, согласование документов, контроль исполнения научных проектов и формирование аналитической информации зачастую требуют значительных временных затрат и использования бумажного документооборота.

В-четвертых, ограничены возможности использования современных аналитических инструментов для поддержки принятия управленческих решений. Руководители научных подразделений и образовательных организаций не всегда располагают актуальной и достоверной информацией о состоянии научного потенциала, эффективности научных исследований и перспективах развития научных направлений.

Указанные обстоятельства свидетельствуют о необходимости формирования принципиально нового подхода к организации научно-исследовательской деятельности, основанного на интеграции цифровых

технологий, инструментов управления знаниями и механизмов аналитического сопровождения управленческих процессов.

Целью настоящего исследования является разработка концептуальной модели цифровой экосистемы управления научно-исследовательской деятельностью правоохранительных органов Республики Казахстан, обеспечивающей интеграцию процессов планирования научных исследований, управления научными знаниями, оценки научного потенциала и поддержки управленческих решений в едином цифровом пространстве.

Основная часть

Теоретические основы цифровой трансформации научно-исследовательской деятельности

Современные тенденции развития государственного управления характеризуются переходом к модели управления, основанной на данных (Data Driven Management), предполагающей использование объективной информации и аналитических инструментов при разработке и реализации управленческих решений [3]. В рамках данной концепции особое значение приобретают механизмы накопления, обработки и использования знаний как стратегического ресурса организации.

Теоретической основой цифровой трансформации научной деятельности выступает концепция управления знаниями (Knowledge Management), получившая широкое распространение в конце XX века. Согласно исследованиям И.Нонаки и Х.Такеучи, эффективность современной организации во многом определяется ее способностью создавать, систематизировать и использовать знания для достижения стратегических целей [4].

Развитие информационных технологий способствовало появлению цифровых экосистем, представляющих собой совокупность взаимосвязанных информационных ресурсов, процессов и участников деятельности, объединенных единым цифровым пространством. В научной сфере цифровые экосистемы обеспечивают интеграцию исследовательских процессов, научных данных, кадрового потенциала и аналитических инструментов, формируя условия для более эффективного управления научной деятельностью [5].

Для правоохранительных органов внедрение цифровых экосистем приобретает особую актуальность в связи с необходимостью обеспечения оперативного доступа к научным знаниям, повышения эффективности использования результатов исследований и развития научно-аналитического сопровождения управленческих решений.

Концептуальная модель цифровой экосистемы управления научно-исследовательской деятельностью

На основе проведенного анализа предлагается концептуальная модель цифровой экосистемы управления научно-исследовательской деятельностью правоохранительных органов.

Ключевым принципом предлагаемой модели является обеспечение полного цифрового сопровождения жизненного цикла научного исследования — от формирования научного запроса до оценки эффективности внедрения полученных результатов в практическую деятельность.

В структуре цифровой экосистемы предлагается выделить пять взаимосвязанных функциональных подсистем.

Первой подсистемой является «План НИД». Ее основное назначение заключается в автоматизации процессов планирования научно-исследовательской деятельности. Подсистема обеспечивает формирование перспективных и годовых планов научных исследований, контроль сроков исполнения, распределение задач между исполнителями и мониторинг реализации научных проектов. Использование цифровых механизмов планирования позволяет повысить прозрачность научной деятельности и минимизировать риски несвоевременного исполнения исследований.

Второй подсистемой выступает «Научный фонд», представляющий собой единый цифровой репозиторий научных знаний. В его структуре аккумулируются отчеты по научно-исследовательским работам, диссертационные исследования, научные статьи, учебные и методические материалы, акты внедрения и иные результаты научной деятельности. Формирование централизованного научного фонда обеспечивает сохранность научных результатов, предотвращает дублирование исследований и способствует более широкому использованию научных разработок в практической деятельности.

Третьей подсистемой является «Научный потенциал». Ее основная задача заключается в формировании цифрового профиля исследователя. Подсистема аккумулирует сведения об образовании, научной квалификации, публикационной активности, участии в научных проектах, результатах внедрения и иных показателях научной деятельности сотрудников. Использование цифровых профилей позволяет осуществлять объективную оценку научного потенциала организации и формировать исследовательские коллективы на основе компетентностного подхода.

Четвертая подсистема — «Наукометрическая аналитика и оценка результативности». Ее назначение состоит в автоматизированном расчете показателей научной деятельности, формировании рейтингов, аналитических отчетов и прогнозных моделей развития научных направлений. Использование инструментов аналитики позволяет руководству получать объективную информацию о состоянии научной деятельности и принимать обоснованные управленческие решения.

Пятая подсистема представлена административным модулем. Он обеспечивает цифровое сопровождение управленческих процессов, включая постановку задач, контроль исполнительской дисциплины, электронное согласование документов, мониторинг выполнения

поручений и формирование отчетности. Интеграция административного модуля с другими подсистемами обеспечивает сквозное управление научно-исследовательской деятельностью.

Предлагаемая концептуальная модель представлена ***на рисунке 1.***



Рисунок 1 – Концептуальная модель цифровой экосистемы управления научно-исследовательской деятельностью правоохранительных органов Республики Казахстан (разработано автором).

Научная новизна предлагаемой модели заключается в интеграции процессов планирования научных исследований, управления научным фондом, оценки научного потенциала, наукометрического анализа и административного сопровождения в рамках единого цифрового контура управления, ориентированного на поддержку принятия управленческих решений.

Практическое значение предлагаемой модели

Практическая значимость предлагаемой цифровой экосистемы заключается в возможности комплексной модернизации процессов управления научно-исследовательской деятельностью правоохранительных органов.

Во-первых, внедрение цифровой экосистемы позволит обеспечить централизованный учет и хранение результатов научной деятельности. Создание единого научного фонда повысит доступность научных знаний и будет способствовать их более широкому использованию в образовательной и практической деятельности.

Во-вторых, автоматизация процессов управления научными исследованиями позволит существенно сократить административную нагрузку на научные подразделения и снизить объем бумажного документооборота.

В-третьих, внедрение аналитических инструментов создаст условия для объективной оценки эффективности научной деятельности, что будет способствовать повышению качества научных исследований и рациональному распределению ресурсов.

В-четвертых, использование механизмов мониторинга научного потенциала позволит формировать кадровый резерв научных подразделений, планировать подготовку научных кадров и повышать эффективность использования интеллектуального потенциала ведомства.

В-пятых, интеграция всех процессов в рамках единого цифрового пространства позволит перейти к модели управления научной деятельностью на основе данных, обеспечивая принятие более обоснованных и своевременных управленческих решений.

Выводы

Проведенное исследование позволило установить, что современное состояние научно-исследовательской деятельности правоохранительных органов характеризуется наличием ряда системных проблем, связанных с фрагментарностью научных ресурсов, недостаточным уровнем цифровизации управленческих процессов и ограниченными возможностями аналитического сопровождения управленческих решений.

Установлено, что дальнейшее развитие ведомственной науки требует внедрения современных инструментов управления знаниями, цифровых технологий и аналитических механизмов поддержки управленческой деятельности.

В результате исследования разработана концептуальная модель цифровой экосистемы управления научно-исследовательской деятельностью правоохранительных органов, включающая подсистемы планирования научных исследований, управления научным фондом, оценки научного потенциала, наукометрической аналитики и административного сопровождения.

Предлагаемая модель обеспечивает комплексную цифровизацию научно-исследовательской деятельности, способствует повышению эффективности использования научного потенциала и создает условия для принятия управленческих решений на основе объективных данных.

Практическая реализация предложенной модели позволит обеспечить качественно новый уровень организации научной деятельности в системе правоохранительных органов Республики Казахстан и будет способствовать дальнейшему развитию научного обеспечения правоохранительной деятельности в условиях цифровой трансформации государственного управления.

Список использованной литературы

1. Национальный план развития Республики Казахстан до 2029 года: Указ Президента Республики Казахстан от 30 июля 2024 года № 611.
2. Концепция развития высшего образования и науки Республики Казахстан на 2023–2029 годы: Постановление Правительства Республики Казахстан от 28 марта 2023 года № 248.
3. OECD Digital Government Review 2023. Paris: OECD Publishing, 2023.
4. **Nonaka I., Takeuchi H.** The Knowledge-Creating Company. New York: Oxford University Press, 1995. – 304 p.
5. **Davenport T., Prusak L.** Working Knowledge: How Organizations Manage What They Know. Boston: Harvard Business School Press, 1998. – 224 p.
6. **Drucker P.F.** Management Challenges for the 21st Century. New York: Harper Business, 1999. – 224 p.
7. **Janssen M., Kuk G.** Big and Open Linked Data in Government: A Challenge to Transparency and Privacy // Government Information Quarterly. – 2016. – Vol. 33. – № 4. – P. 363–368.
8. **Mergel I., Edelmann N., Haug N.** Defining Digital Transformation: Results from Expert Interviews // Government Information Quarterly. – 2019. – Vol. 36. – № 4.
9. Закон Республики Казахстан «О науке и технологической политике» от 1 июля 2024 года № 103-VIII.
10. Концепция обеспечения общественной безопасности в партнерстве с обществом на 2024–2028 годы: Постановление Правительства Республики Казахстан от 29 декабря 2023 года № 1233.
11. Программа повышения научного потенциала и совершенствования системы подготовки, переподготовки и повышения квалификации кадров в организациях образования МВД Республики Казахстан на 2024–2028 годы.
12. План действий по развитию системы ведомственного образования правоохранительных органов Республики Казахстан на 2026–2028 годы.
13. **Тоффлер Э.** Третья волна. – М.: АСТ, 2004. – 784 с.

Сведения об авторе

***Кусаинов Жанат Шыныбекович** — начальник Отдела организации научно-исследовательской и редакционно-издательской работы Академии управления МВД Республики Казахстан, м.ю.н., полковник полиции.*

***Кусаинов Жанат Шыныбекович** — Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясы Ғылыми-зерттеу және редакциялық-баспа жұмысын ұйымдастыру бөлімінің бастығы, з.ғ.м., полиция полковнигі.*

Zhanat Shynybekovich Kusainov** — Head of the Department for the Organization of Research, Editorial and Publishing Work at the Academy of Law Enforcement Agencies or Academy of Management of the MIA of the Republic of Kazakhstan, Master of Law, Police Colonel, **e-mail: Dahar0001@bk.ru.

КОМПАРАТИВТІК ҚҰҚЫҚТАНУ

КОМПАРАТИВНАЯ ЮРИСПРУДЕНЦИЯ

COMPARATIVE JURISPRUDENCE

ӘОЖ *343.123.,* ***МҒТАР*** *10.77.35*

ЖАНХАН Н.
Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясы
Астана қ-сы, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА СОТҚА ДЕЙІНГІ ТЕРГЕП-ТЕКСЕРУДІ БАСТАУ ТӘРТІБІН ОҢТАЙЛАНДЫРУ: ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘЖІРИБЕДЕН ҰЛТТЫҚ МОДЕЛЬГЕ

Бұл мақала жаңа қабылданған Конституция ережелерін іске асыру жағдайында Қазақстан Республикасы қылмыстық процесінің бастапқы кезеңін оңтайландырудың өзекті мәселесіне арналған. Статистикалық деректер мен құқық қолдану практикасы негізінде Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде (СДТБТ) өтініштерді жаппай автоматты түрде тіркеудің қолданыстағы жүйесіне сыни көзқарастар, сондай-ақ азаматтар мен бизнесті қылмыстық ортаға негізсіз тартуға әкелетін теріс салдарлары талданады. Автор қылмыстық іс жүргізуді бастаудың халықаралық модельдерін, оның ішінде посткеңестік мемлекеттердегі реформалар тәжірибесін егжей-тегжейлі салыстырмалы талдауды жүзеге асырады. Жеке тұлға құқықтары мен құқық қорғау жүйесінің тиімді теңгерімін қамтамасыз етуге бағытталған «АЕК – Құқықтық сүзгі – СДТБТ» үш құрамдас бөліктерден тұратын гибридті модель ұсынылған.

Кілтті сөздер: *сотқа дейінгі тергеп-тексеру, СДТБТ, Ақпаратты есепке алу кітабы, құқықтық сүзгі, халықаралық тәжірибе, континенттік модель, англо-саксондық модель, қылмыстық процесс, кәсіпкерлердің құқықтары, конституциялық кепілдіктер.*

Оптимизация порядка начала досудебного расследования в Республике Казахстан: от международного опыта к национальной модели

Статья посвящена актуальной проблеме оптимизации начального этапа уголовного процесса Республики Казахстан в условиях реализации положений новой Конституции. На основе статистических данных и правоприменительной практики анализируются критические взгляды на действующую систему сплошной автоматической регистрации заявлений в Едином реестре досудебных расследований (ЕРДР), а также негативные последствия, приводящие к

необоснованному вовлечению граждан и бизнеса в уголовную орбиту. Автор осуществляет детальный сравнительный анализ международных моделей начала уголовного производства, включая опыт реформ в ряде постсоветских государств. Предложена трехкомпонентная гибридная модель «КУИ – Правовой фильтр – ЕРДР», направленная на обеспечение эффективного баланса прав личности и правоохранительной системы.

Ключевые слова: *досудебное расследование, ЕРДР, Книга учета информации, правовой фильтр, международный опыт, континентальная модель, англо-саксонская модель, уголовный процесс, права предпринимателей, конституционные гарантии.*

Optimization of the procedure for launching a pre-trial investigation in the republic of Kazakhstan: from international experience to a national model

The article addresses the urgent issue of optimizing the initial stage of the criminal procedure in the Republic of Kazakhstan under the implementation of the New Constitution. Based on statistical data and law enforcement practice, the paper analyzes critical views on the current system of continuous automatic registration of applications in the Unified Register of Pre-trial Investigations (ERDR), alongside its negative consequences leading to the unjustified involvement of citizens and business in the criminal orbit. The author conducts a detailed comparative analysis of international models for the initiation of criminal proceedings, including the experience of reforms implemented in a number of post-Soviet states. A three-component hybrid model "ILB – Legal Filter – ERDR" is proposed, aimed at ensuring an effective balance between individual rights and law enforcement system efficiency.

Keywords: *pre-trial investigation, ERDR, Information Log Book, legal filter, international experience, continental model, Anglo-Saxon model, criminal procedure, entrepreneurs' rights, constitutional guarantees.*

Кіріспе

Қазіргі кезеңде Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңнамасын жаңғырту елдің жаңа Конституциясының ережелерін іске асыру қажеттілігімен айқындалады. Адам құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың, жеке меншікке қол сұғылмаушылықтың және адал кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдаудың сөзсіз басымдығын жариялаған жоғары конституциялық құндылықтар қылмыстық әділет институттарын түбегейлі қайта қарауды талап етеді [1]. Қылмыстық процестің ең осал әрі стратегиялық тұрғыдан маңызды сатыларының бірі – қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпаратты қабылдау, оны тіркеу және қылмыстық қудалаудың басталу кезеңі. Дәл осы бастапқы шепте әділ сот төрелігінің

негізі қаланады және сонымен бірге азаматтардың конституциялық құқықтарын негізсіз шектеудің негізгі тәуекелдері қалыптасады.

2015 жылғы қылмыстық-процестік реформаның нәтижесінде қылмыстық істі қозғаудың дәстүрлі сатысы жойылып, оның орнына қылмыстық құқық бұзушылық туралы барлық арызды, хабарды немесе баянатты Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімінде *(ара қарай - СДТБТ)* міндетті әрі автоматты түрде қабылдау және тіркеу жүйесі енгізілді [2]. Бұл өзгерістер қылмыстарды есепке алудың ашықтығын қамтамасыз етеді, қылмыстардың жасырындылығын толығымен жояды, арыздарды қабылдау кезіндегі сыбайлас жемқорлық факторын жояды, азаматтардың құқықтарын тиімді қорғайды және азаматтардың сот төрелігіне жедел қол жеткізуін қамтамасыз етеді деп болжанған болатын. Алайда, бұл модельдің он жылдам астам уақыт кезеңіндегі қолданылу тәжірибесі оның елеулі теориялық және практикалық қайшылықтарын көрсетті. Қазіргі уақытта бұл қайшылықтар құқық қолдану тәжірибесіндегі жүйелі мәселелер мен кемшіліктердің туындауына себеп болып отыр. Адал азаматтар мен заңды қызмет жүргізетін субъектілерді қылмыстық қудалауға негізсіз тартудан қорғайтын және сонымен қатар нақты қылмыстарды жасыруға жол бермейтін оңтайлы құқықтық тетікті қалыптастыру мәселесі бүгінгі күні қылмыстық саясат үшін басым міндеттердің біріне айналып отыр.

Мәселенің қойылуы

Қазақстан Республикасында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаудың қолданыстағы тәртібі СДТБТ-ға мәліметтерді енгізу сәтімен қатаң байланыстырылғандықтан, қылмыстық әділет жүйесінің бүкіл құрылымында елеулі теңгерімсіздіктің қалыптасуына алып келді. СДТБТ-ның жұмыс істеу тетігін кешенді ғылыми зерттеудің бастапқы кезеңдерінде алынған нәтижелер көрсеткендей, қылмыстық процесті бастауға негіз болатын мән-жайларға алдын ала құқықтық баға беру институтының жойылуы екі маңызды сыни салдарға әкелді.

Біріншіден, ішкі істер органдарының тергеу және анықтау қызмет бөлімшелеріне шамадан тыс жүктеме түсті. Орташа статистикалық көрсеткіштер ішкі істер органдары тергеушілерінің қызметтік жүктемесі белгіленген нормативтен 1,7 есе, ал анықтаушылардың жүктемесі 2,3 есе артық екенін көрсетеді. Уақыт және кадрлық ресурстардың мұндай тапшылығы нақты ауыр жалпы қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеп-тексеру сапасы мен тиімділігінің төмендеуіне сөзсіз алып келеді. Процессуалдық тұрғыдан жеткілікті негізі жоқ немесе қылмыстық-құқықтық сипатқа жатпайтын материалдардың орасан көлемін рәсімдеуге мәжбүр болған тергеуші (анықтаушы) қылмыспен күресте назарын негізгі бағыттарға толық аудара алмайды.

Екіншіден, азаматтар мен жеке кәсіпкерлік субъектілерін қылмыстық қудалау саласына қылмыстық-құқықтық сипаты жоқ негіздер бойынша негізсіз тартудың тұрақты тәжірибесі қалыптасты. Статистикалық деректерге сәйкес, СДТБТ-да тіркелген қылмыстық істердің 41%-ға жуығы

кейіннен қылмыстық құқық бұзушылық құрамының немесе оқиғасының болмауына байланысты тоқтатылады [3]. Бұл көрсеткіштердің артында адал кәсіпкерлік субъектілерінің мүлкіне тыйым салу, тінту жүргізу, жауап алу, құжаттарды алу және банк шоттарын бұғаттау сияқты процестік әрекеттер тұр. Алдын ала құқықтық сүзгінің болмауынан теріс пиғылды серіктестер мен қылмыстық орта өкілдері СДТБТ тетіктерін (әсіресе алаяқтық және экономикалық құқық бұзушылықтар бойынша) азаматтық-құқықтық және коммерциялық дауларда қысым көрсету құралы ретінде пайдаланудың заңды мүмкіндігіне ие болды.

Бұл ретте, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы ескі Қылмыстық іс жүргізу кодексімен реттелген кеңестік үлгідегі қылмыстық құқық бұзушылық туралы алдын ала тексеру жүйесіне жай ғана қайта оралу мүмкін емес әрі жол берілмейді. Ғылымда дәлелденгендей, мұндай қадам есепке алудан қылмыстарды жасыру тәжірибесінің қайта жануына, процестік әрекеттердің қайталануына, іс жүргізу мерзімдерінің жасанды түрде созылуына және қылмыстық істі қозғағанға дейін жиналған дәлелдемелердің жарамдылығына қатысты елеулі мәселелердің туындауына бірден алып келеді.

Демек, Қазақстандағы сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау тетігін жаңаша, гибридті форматта қалыптастыру қажеттілігі – заманауи басты ғылыми және практикалық түйткілдердің бірі. Аталған модельде қылмыстық құқық бұзушылық туралы ақпараттық себеп (оқиға туралы сигнал) қылмыстық қудалау тетіктерін қолдануға негіз болатын материалдық-құқықтық алғышарттардан қатаң түрде ажыратылуы қажет. Бұл тетік құқық қорғау органдары тарапынан заңсыз қысым көрсетуден қоғам мен бизнесті жан-жақты қорғауды қамтамасыз ете отырып, қылмыстық құқық бұзушылық белгілері бар кез келген хабарламаның дер кезінде тіркелуіне ешқандай тосқауыл жасамауы тиіс.

Негізгі бөлім

Кез келген мемлекетте қылмыстық процестің бастапқы кезеңін реформалау азаматтардың сот төрелігіне қол жеткізу құқығын қамтамасыз ету, құқық қорғау органдарына шамадан тыс жүктеме түсуіне жол бермеу, сондай-ақ адамдардың қылмыстық қудалау аясына негізсіз тартылуын болдырмау арасындағы оңтайлы тепе-теңдікті табу қажеттілігімен байланысты. Қазақстан үшін оңтайлы нормативтік-ұйымдастырушылық шешім қалыптастыру мақсатында әлемдік құқықтық жүйедегі екі негізгі макромодельге — континенттік және англосаксондық модельдерге жүйелі салыстырмалы-құқықтық талдау жүргізу, сондай-ақ бұрынғы Кеңес Одағы құрамында болған мемлекеттерде жүзеге асырылған түбегейлі қылмыстық-процестік реформалардың нәтижелерін жинақтап қорыту қажеттілігі туындайды.

Аталған тәжірибені зерделеудің Қазақстан Республикасы үшін маңызды мәні бар, өйткені ол Қазақстан Республикасы Конституциясының қағидаттарына сәйкес келетін әрі азаматтар мен бизнесті сотқа дейінгі тергеп-тексерудің негізсіз басталуынан қорғайтын

қылмыстық процестің бастапқы кезеңіндегі тиімді «құқықтық сүзгіні» қалыптастыруға бағытталған оңтайлы нормативтік-ұйымдастырушылық шешім әзірлеуге мүмкіндік береді.

Континенттік макромодель (Германия мен Австрия мысалында)

Германияның қылмыстық-процестік заңнамасында жүргізілген реформалар қазіргі уақытқа дейін заңдылық қағидаты *(Legalitätsprinzip)* қылмыстық сот ісін жүргізудің негізгі қағидаттарының бірі болып қалатынын көрсетеді. Аталған қағидат прокуратура және полиция органдарын қылмыстық іс-әрекеттердің жасалғаны туралы күдік туындаған жағдайда оларды тергеп-тексеруді дереу бастауға міндеттейді [4].

Неміс заң шығарушысы ақпараттық (сигналды алу) және процестік кезеңді нақты ажыратады. Германия Федеративтік Республикасының қылмыстық іс жүргізу құқығында ресми тергеп-тексеруді бастау үшін қылмыстық қудалау органдарының қолында заңмен белгіленген жеткілікті құқықтық негіздің болуы талап етіледі. Мұндай негіз ретінде Германия Федеративтік Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексінің (§ 152, 2-бөлігі) нормасында бекітілген «бастапқы күдік» *(Anfangsverdacht)* институты танылады [5]. Аталған өлшем қылмыстық іс жүргізуді қозғаудың материалдық-құқықтық алғышарты болып табылады және нақты фактілерге сүйене отырып, қылмыстық құқық бұзушылықтың жасалуы мүмкін екендігін көрсететін объективті деректердің болуын көздейді. Осылайша, бастапқы күдіктің болуы құқық қорғау органдарына ресми тергеп-тексеруді бастауға заңды негіз береді әрі қылмыстық процестің одан әрі дамуы үшін қажетті бастапқы құқықтық шекті айқындайды.

Германдық модельдің практикалық алгоритмі үш сатылы схема бойынша жұмыс істейді:

1. Азаматтың арызы, мемлекеттік органның хабарламасы немесе полицияның қылмыстық құқықбұзушылық белгілерін тікелей анықтауы ақпараттық *(процестік емес)* деректер базасында тіркеледі.

2. Құқық қорғау органдары алынған мәліметтерге бастапқы жүйелі-қисынды және құқықтық талдау *(«Сүзгі»)* жүргізеді. Бұл кезеңде полицияға ақпараттық сипаттағы жасырын тексеру әрекеттерін жүзеге асыруға рұқсат етіледі: куәгерлермен ерікті түрде сұхбат жүргізу *(мәжбүрлеусіз және процестік мәртебе бермей)*, ашық деректерді сұрату, жалпыға қолжетімді орындарға тексеру жүргізу. Алайда, бастапқы күдікті анықтау кезеңінде процестік мәжбүрлеу шараларын (тінту, ұстау, мүлікке тыйым салу) қолдануға қатаң тыйым салынады.

3. Егер бастапқы деректер тек азаматтық-құқықтық дауды *(мысалы, сатып алу-сату шартының орындалмауы)* немесе әкімшілік құқықбұзушылықты көрсетсе, онда қылмыстық іс жүргізуді бастауға негіз жоқ екендігі туралы уәжді шешім қабылданады. Материалдар есептік тіркеуден шығарылады немесе тиісті құзыретті органдарға жолданады. Егер бастапқы күдік расталса, қылмыстық іс қозғалған болып есептеледі

және процесс сотқа дейінгі тергеп-тексеру сатысына өтеді, бұл кезеңде тұлғаның құқықтарын шектейтін тергеу әрекеттерін жүргізуге жол беріледі.

Сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастаудың австриялық моделі тұжырымдамалық тұрғыдан германдық модельмен ұқсас. Ол да заңдылық қағидатына негізделген, прокуратура органдарына басты рөл береді және толыққанды тергеп-тексеру басталғанға дейін келіп түскен ақпараттың жарамдылығын міндетті түрде алдын ала бағалауды көздейді.

Германия *(Австрия)* тәжірибесі қылмыстық іс қозғауға негіздерді бағалау сатысында материалдық сүзгінің айрықша маңызын көрсетеді. Қазақстан тәжірибесіндегі ақпаратты есепке алу кітабы *(АЕК)* мен сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінің *(СДТБТ)* біртұтас жүйеге келтірілуі тергеушіні іс жүзінде кез келген арызды (оның ішінде алаяқтық ретінде рәсімделетін жасырын азаматтық-құқықтық талаптарды да) СДТБТ-ға тіркеуге міндеттейді, ал неміс моделі құқық қорғау жүйесін шамадан тыс жүктемеден арыздарды құқықтық іріктеу арқылы қорғайды, яғни қылмыстық қудалауды бастамас бұрын қылмыстық құқықбұзушылықтың бастапқы белгілерінің бар екенін дәлелдеуді талап етеді.

Бұл модель элементтерін Қазақстанда енгізу қылмыстық істі қозғаудың кеңестік кезеңдегі күрделі әрі сыбайлас жемқорлыққа бейім институтына қайта оралуды талап етпейді. Мәселе, АЕК немесе СДТБТ-ның ақпарат алмасу тетігіне материалдық-құқықтық бағалау функциясын жүктеу туралы болып отыр, яғни СДТБТ нөмірін бере отырып істі тіркеу қылмыстық құқық бұзушылық құрамының бастапқы белгілері анықталғаннан кейін ғана жүзеге асырылады. Бұл ереже Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясында бекітілген азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын негізсіз шектеуге жол бермеу және кәсіпкерлік қызметке қылмыстық-құқықтық мәжбүрлеу органдары тарапынан заңсыз араласуды болдырмау туралы талаптарға толық сәйкес келеді.

Англо-саксондық макромодель (Ұлыбритания мен АҚШ мысалында)

Ұлыбританияда *(Англия мен Уэльс)* және АҚШ-та қолданылатын англо-саксондық қылмыстық іс жүргізу моделі түбегейлі өзгеше тұжырымдамалық негіздерге сүйенеді. Бұл модельде мемлекеттік органдардың шешім қабылдаудағы мақсаттылық қағидаты *(discretionary principle)* басымдыққа ие және есепке алу-статистикалық қызмет пен қылмыстық қудалауды жүзеге асыру функциялары бір-бірінен нақты ажыратылған.

Ұлыбританияда тіркеу тәртібі Ішкі істер министрлігі *(Home Office)* әзірлеген қылмыстарды тіркеудің Ұлттық стандарттарымен *(National Crime Recording Standard — NCRS)* қатаң түрде реттеледі [6].

Осы модель шеңберінде процесс екі дербес кезеңге бөлінеді:

1. Кез келген азаматтың өтініші (телефон қоңырауы, онлайн-нысан немесе жеке жүгіну) полиция тарапынан «оқиға *(Incident)*» ретінде тіркеледі. Егер өтініш мазмұнынан кем дегенде ең төменгі деңгейде

қылмыстық сипат байқалса, мұндай оқиға қылмыс ретінде *(Recorded Crime)* тіркеледі.

Бұл тіркеу тек әкімшілік-статистикалық сипатқа ие. Оқиғаның қылмыстарды тіркеу дерекқорына енгізілуі полицияға автоматты түрде толыққанды процестік тергеп-тексеру жүргізу міндетін жүктемейді және арызданушы көрсеткен тұлға үшін қандай да бір қылмыстық-процестік салдарын туындатпайды.

2. Толыққанды тергеп-тексеруді бастау және құқықтық шектеулерді қолдану істің мақсаттылығы мен болашағына берілген бағасына байланысты. Корольдік прокурорлық қызметтің кодексін *(Code for Crown Prosecutors)* басшылыққа ала отырып, полиция прокурормен бірлесіп істі екі тест бойынша бағалайды:

Дәлелдемелік тесті (*Evidential Stage*): Жиналған дәлелдемелер сотты адамның кінәлі екендігіне жоғары ықтималдық деңгейінде сендіруге жеткілікті ме? Бұл ретте дәлелдемелердің заңдылығы, жол берілетіндігі және айыптауды қолдау үшін олардың жеткіліктілігі бағаланады.

Қоғамдық мүдде тұрғысынан бағалау тесті (*Public Interest Stage*): Осы нақты жағдайда қоғамдық мүдде қылмыстық қудалауды талап ете ме (әлде дауды азаматтық сот тәртібімен шешу не айыппұл салумен шектелу анағұрлым тиімді ме)? Бағалау кезінде құқық бұзушылықтың ауырлығы, жәбірленушінің мүдделері және қудалаудың қоғам үшін ықтимал салдары назарға алынады.

Егер іс коммерциялық немесе азаматтық сипатта болса, Ұлыбритания полициясы бастапқы кезеңде-ақ «No Further Action» *(NFA — Әрі қарай әрекетсіз қалдыру)* шешімін шығарады және тараптарға азаматтық сотқа жүгінуге кеңес береді. Бұл ретте қылмыстың статистикалық карточкасы қылмыстық ахуалдың жалпы көрінісін қалыптастыру мақсатында дерекқорда сақталуы мүмкін, алайда сотқа дейінгі тергеп-тексеру басталмайды [7].

АҚШ-тың да қылмыстық процестік тәжірибесі англо-саксондық модель шеңберінде қалыптасып, прокурордың және полицияның ықтияр шешімінің жоғары деңгейімен сипатталады. Қылмыстық процестің бастамасы көбіне полиция мен прокурордың іс бойынша дәлелдемелердің жеткіліктілігін және қоғамдық мүддені бағалауына тәуелді болады; осы бағалау нәтижесіне қарай іс сотқа жіберіледі немесе «No Further Action» *(NFA — Әрі қарай әрекетсіз қалдыру)* қағидатына ұқсас тәртіппен тоқтатылады. АҚШ федералдық құқықтық жүйесінде прокурорлар қылмыстық қудалауды бастау, одан бас тарту, айыптау көлемін айқындау және кінәні мойындау туралы келісімдер жасау мәселелерінде өз қалауы бойынша шешім қабылдау өкілеттіктеріне ие. Бұл ретте істердің елеулі бөлігі сотқа дейінгі келісімдер арқылы шешіледі. АҚШ Әділет министрлігінің мәліметтері бойынша, қылмыстық істердің шамамен 90–95%-ы кінәні мойындау туралы келісіммен аяқталады. Мұндай тетік прокурорларға ресурстарын неғұрлым маңызды істерге шоғырландыруға мүмкіндік береді. Осылайша, АҚШ моделінде

қылмыстық қудалау автоматизмнен гөрі мақсаттылық, тиімділік және процессуалдық үнемділік қағидаттарына негізделеді [8].

Қазақстан үшін бұл тәжірибе маңызды теориялық мәнге ие, өйткені ол ықтимал құқық бұзушылықтар туралы ақпаратты есепке алу мен қылмыстық қудалауды бастауды өзара қайшылықсыз ажыратудың мүмкін екенін көрсетеді. Бастапқы кезеңде мемлекет келіп түскен барлық хабарламаларды, олардың шынайылығы әлі толық расталмаған жағдайда да тіркеуге алады, ал кейіннен толыққанды сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға жеткілікті негіздердің бар-жоғын бағалайды. Осы тұрғыдан алғанда, арызды немесе хабарды тіркеу өздігінен қылмыстық процесті бастауды, белсенді тергеп-тексеру әрекеттерін жүргізуді не қылмыстық-процестік мәжбүрлеу шараларын қолдануды автоматты түрде білдірмеуге тиіс. Мұндай тәсіл, бір жағынан, азаматтар мен ұйымдардың құқықтары мен заңды мүдделерін тиімді қорғауды қамтамасыз етсе, екінші жағынан, азаматтар мен кәсіпкерлік субъектілерін қылмыстық процеске жеткілікті негіздерсіз тарту тәуекелін азайтуға мүмкіндік береді. Нәтижесінде қылмыстық әділет жүйесінің тиімділігі артып, мемлекеттік ресурстарды ұтымды пайдалану мен жеке тұлғалардың құқықтарын сақтау арасындағы теңгерім қамтамасыз етіледі.

Бірқатар посткеңестік мемлекеттердегі жаппай (тұтас) тіркеу жүйелерін реформалау тәжірибесі

Зерттеуіміз тұрғысынан Қазақстандағы СДТБТ-ға ұқсас сотқа дейінгі өндірісті толық тіркеу жүйесін енгізген посткеңестік мемлекеттердің (Грузия, Молдова, Украина, Қырғыз Республикасы) құқықтық реформаларын зерделеу ерекше мәнге ие. Бұл елдердің тәжірибесі «жаппай тіркеу» қағидатына негізделген жүйенің құқық қолдану тәжірибесінде туындайтын жүйелік тәуекелдерін айқын көрсетіп қана қоймай, сондай-ақ осы тәуекелдердің салдарын азайту және құқықтық жүйенің тұрақты жұмысын қамтамасыз ету мақсатында қабылданған құқықтық шешімдерді де көрсетеді.

Грузияның Қылмыстық-процестік кодексі (2009 ж. ҚПК) реформалау аясында қылмыстар туралы барлық хабарламаларды міндетті түрде ерте тіркеу және оларды процестік рәсімдеуге алу қағидаты күшейтіліп, әрбір өтініштің тіркелуі және іс жүргізу мәртебесін алуы көзделген «өтпелі есепке алу» моделіне жақын жүйе қалыптастырылды [9]. Бұл тәсіл полиция деңгейінде бейресми іріктеуді азайтып, қылмыстарды есепке алудың ашықтығын арттырғанымен, практикада маңызы төмен хабарламалардың да жаппай өндіріске түсуі салдарынан тергеу органдарына шамадан тыс жүктеме туындап, бастапқы бағалаусыз автоматты тіркеудің тиімсіздігі және тіркеу сапасының қызметкерлердің біліктілігіне тәуелділігі айқындалды, нәтижесінде Грузия барлық хабарламаларды міндетті тіркеу қағидатын сақтай отырып, бірақ бастапқы кезеңде істердің болашағын алдын ала бағалауға мүмкіндік беретін бастапқы процестік сүзгілеу тетіктерін енгізу арқылы жүйені теңгерімдеуге мәжбүр болды.

Молдованың Қылмыстық-процестік кодексі (2003 ж. ҚПК) аясында қылмыстық істерді тіркеу жүйесі сотқа дейінгі сатыда ресми есепке алуды күшейту және арыздарды процестік тәртібімен рәсімдеуге көшу арқылы дамыды [10]. Бұл барлық қылмыс туралы хабарламаларды міндетті түрде ресми есепке енгізуді қамтамасыз етіп, ашықтық пен прокурорлық бақылауды арттырды; сонымен бірге мұндай тәсіл дәлелдемелік болашағы төмен материалдардың да көбеюіне және тергеу органдарына шамадан тыс жүктеменің қалыптасуына алып келді, сондай-ақ әрбір хабарламаны процестік нысанда рәсімдеу қажеттілігі салдарынан бастапқы тексеру мерзімдерінің ұзаруына әсер етті, осыған байланысты кейіннен қылмыстық іс қозғау үшін жеткілікті негіздерді нақтылау және келіп түскен хабарламаларды бастапқы кезеңде сараланған бағалау тетіктерін енгізу арқылы жүйе ішінара түзетіліп, барлық арыздарды міндетті есепке алу қағидатын сақтай отырып, көрінеу болашағы жоқ немесе жеткіліксіз негізделген материалдарды ертерек іріктеуге мүмкіндік беретін неғұрлым икемді модель қалыптастырылды.

2012 жылғы реформалар аясында Украинада сотқа дейінгі тергеп-тексерудің бірыңғай тізілімінің енгізілуі қылмыс туралы барлық арыздар мен хабарламаларды алдын ала тексерусіз міндетті түрде тіркеу қағидатын бекітіп, есепке алудың ашықтығы мен ресмилендіруін күшейтті [11]. Алайда бұл тәжірибеде қылмыстық құқық бұзушылық белгілері әлсіз немесе күмәнді материалдардың да жаппай тіркелуіне байланысты «шамадан тыс тіркеу» құбылысын туындатып, тергеу органдарына жүктеме түсірді; соның нәтижесінде сотқа дейінгі іс жүргізуде, әсіресе сот бақылауының рөлі күшейіп, жекелеген іс жүргізу шешімдерінің заңдылығын тексеру арқылы жүйенің тепе-теңдігін қамтамасыз етуге ықпал етті, сондай-ақ бастапқы кезеңде іс жүргізу сүзгілерін нақтылау арқылы болашағы бар істерді жеткіліксіз негізделген материалдардан ажырату тетіктері жетілдіріліп, жүйе міндетті тіркеу қағидатын сақтай отырып, тергеудің басқарылуы мен тиімділігін арттыруға бағытталған неғұрлым теңгерімді модельге қарай дамыды.

Қырғыз Республикасының Қылмыстық-процестік кодексі (2021 ж. ҚПК) аясында сотқа дейінгі іс жүргізуді бірыңғай есепке алу жүйесінің элементтері Қазақстанның СДТБТ тәжірибесіне сүйене отырып енгізіліп, қылмыстар туралы барлық хабарламаларды міндетті тіркеу қағидатын бекітті [12]. Бұл құқық қорғау органдары қызметінің ашықтығын арттырып, азаматтардың өтініштерін есепке алмау тәуекелдерін азайтқанымен, практикада маңызды емес немесе жеткіліксіз негізделген материалдардың да жаппай тіркелуіне байланысты тергеу органдарына шамадан тыс жүктеме қалыптасып, бастапқы сүзгілеу тетіктерінің әлсіздігі мен өңірлік деңгейдегі техникалық-ұйымдастырушылық кемшіліктер тіркеу жүйесінің тиімділігін төмендетті, нәтижесінде сотқа дейінгі іс жүргізуді бастау критерийлерін нақтылау және ақпаратты бастапқы кезеңде саралау рәсімдерін жетілдіру қажеттілігі туындап, жүйе міндетті тіркеу

қағидатын сақтай отырып, басқарушылық тиімділік пен жүктемені оңтайландыру арасындағы теңгерімді іздеуге бағытталды.

Қорытынды

Жүргізілген салыстырмалы-құқықтық талдау нәтижелерін және халықаралық қылмыстық процесс тәжірибесін ескере отырып, сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау тәртібін оңтайландыру мақсатында «АЕК – құқықтық сүзгі – СДТБТ» үш сатылы гибридті моделді енгізу орынды деп қорытынды жасауға болады; бұл модель барлық арыздарды толық цифрлық тіркеуді сақтай отырып, қылмыстық-құқықтық сипаты жоқ дауларды бастапқы кезеңде құқықтық бағалау арқылы іріктеуге мүмкіндік береді және тек нақты қылмыстық құқық бұзушылық белгілері айқындалған жағдайда ғана сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастауға жағдай жасайды, нәтижесінде тергеу органдарының жүктемесі оңтайландырылады, азаматтық-құқықтық қатынастарды қылмыстық процесс аясында негізсіз криминализациялау тәуекелі төмендейді және жалпы алғанда қылмыстық сот төрелігінің тиімділігі мен әділеттілігі артады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1.Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 2026 жылы 15 наурызда республикалық референдумда қабылданды. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. Электронды ресурс: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K2600000000 (жүгінген күні 31.05.2026 ж.). Рұқсат режимі – еркін.

2.Қазақстан Республикасы Бас прокурорының 2014 жылғы 19 қыркүйектегі «Қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы арызды, хабарды немесе баянатты қабылдау және тіркеу, сондай-ақ Сотқа дейінгі тергеп-тексерулердің бірыңғай тізілімін жүргізу қағидаларын бекіту туралы» № 89 Бұйрығы. // «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі. Электронды ресурс: https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V14W0009744 (жүгінген күні 31.05.2026 ж.). Рұқсат режимі – еркін.

3.«Восстановление института доследственной проверки: преимущества и риски»: материалы круглого стола//Астана: Следственный департамент МВД Республики Казахстан, 2025. — 29 с.

4.**Худайбергенов Б.** Сравнительный анализ первоначальной стадии уголовного процесса некоторых зарубежных стран // Междисциплинарный электронный научный журнал «Общество и инновации». Август, 2022. 3(7/S):138-144 [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: https://www.researchgate.net/publication/363034139_Sravnitelnyj_analiz_pervonacalnoj_stadii_ugolovnogo_processa_nekotoryh_zarubeznyh_stran

5.Уголовно-процессуальный кодекс Федеративной Республики Германия - Strafprozessordnung (StPO) - : Научно-практический комментарий и перевод текста закона ; со вступительной статьей профессора Уве Хелльманна «Введение в уголовно-процессуальное право ФРГ». [Электронный ресурс]. – Режим доступа: URL: https://www.gesetze-im-internet.de/stpo/?utm_source=chatgpt.com

6.Руководство «Правила регистрации преступлений, разработанные Министерством внутренних дел, для сотрудников правоохранительных органов». [Электронный ресурс]. https://www.gov.uk/government/publications/counting-rules-for-recorded-crime

7.Кодекс для королевских прокуроров (Кодекс Англии и Уэльса). издан Генеральным прокурором (ГП) в соответствии со статьей 10 Закона о судебном преследовании за преступления 1985 года. [Электронный ресурс]. https://www.cps.gov.uk/publication/code-crown-prosecutors?utm_source=chatgpt.com

8.Принципы федерального уголовного преследования. [Электронды ресурс]. https://www.justice.gov/jm/jm-9-27000-principles-federal-prosecution?utm_source=chatgpt.com
9. Уголовно-процессуальный кодекс Грузии от 9 октября 2009 года № 1772-IIc (с изменениями и дополнениями по состоянию на 16.10.2025 г.). [Электронный ресурс]. https://prg.kz/document/?doc_id=37807676
10. Уголовно-процессуальный кодекс Республики Молдова от 14 марта 2003 года № 122-XV (с изменениями и дополнениями по состоянию на 12.02.2026 г.). [Электронный ресурс]. https://prg.kz/document/?doc_id=30397729
11. Уголовный процессуальный кодекс Украины от 13 апреля 2012 года № 4651-VI (с изменениями и дополнениями по состоянию на 31.07.2025 г.). [Электронный ресурс]. https://prg.kz/document/?doc_id=31197178
12. Уголовно-процессуальный кодекс Кыргызской Республики от 28 октября 2021 года № 129. (с изменениями и дополнениями по состоянию на 01.01.2026 г.). [Электронный ресурс]. https://prg.kz/document/?doc_id=36639004

Автор туралы мәлімет

Жанханұлы Нұрбақыт *— Қазақстан Республикасы ІІМ Басқару академиясының Ғылыми – зерттеу институтының Тергеу және анықтау мәселелерін зерттеу орталығының аға ғылыми қызметкері, заң ғылымдарының магистрі, полиция подполковнигі, Астана, Қазақстан;*

Жанхан Нурбахыт *— старший научный сотрудник Центра по исследованию проблем следствия и дознания Научно-исследовательского института Академии управления МВД Республики Казахстан, магистр юридических наук, подполковник полиции, Астана, Казахстан;*

Zhankhan Nurbakhyt *— Senior Researcher, Center for the Study of Investigation and Inquiry Problems, Research Institute of the Academy of Management of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, Master of Laws, Police Lieutenant Colonel, Astana, Kazakhstan.*

UDC 343.14;343.985., IRSTI 10.85.51

PHAN THANH DONG
безнаказанным и потому дешевым для организаторов. Законом по вопросам оптимизации уголовного, уголовно-процессуального и уголовно-исполнительного законодательства Уголовный кодекс дополнен статьей 232-1 «Незаконное предоставление, передача и приобретение доступа к банковскому счету, платежному инструменту или идентификационному средству, а также незаконное осуществление платежей и переводов денег», введенной в действие с 16 сентября 2025 года. Санкция дифференцирована по функциональной роли: за предоставление доступа к собственному счету - до трех лет лишения свободы, за осуществление платежей в интересах третьих лиц - до пяти лет, для «дроповодов» - до семи лет с конфискацией имущества; за базовый состав альтернативен штраф до 160 месячных расчетных показателей (629 120 тенге). Такая дифференциация позволяет разграничить студента, передавшего карту за пять тысяч тенге, и организатора сети из сотен счетов.

Примечание к статье 232-1 устанавливает, что лицо, впервые совершившее предусмотренное данной статьей правонарушение, добровольно заявившее об этом, а также активно способствовавшее раскрытию или пресечению этого правонарушения, освобождается от уголовной ответственности. Ключевое значение имеет соединительный оборот «а также»: он придает условиям кумулятивный характер, требуя одновременного наличия и заявления, и активного способствования. Между тем криминологический портрет рядового дроппера делает второе условие объективно невыполнимым. Дроппер низового уровня вербуется через мессенджер или объявление о подработке и не знает ни личности организатора, ни структуры сети, ни конечных получателей средств; коммуникация ведется через анонимные аккаунты, удаляемые сразу после использования. Такое лицо способно лишь явиться и заявить о содеянном; активно способствовать раскрытию оно не может не в силу нежелания, а в силу отсутствия информации.

Правовое последствие дефекта противоположно цели нормы. Лицо, осознавшее вовлеченность в схему, не имеет рационального мотива для явки с повинной: заявление не гарантирует освобождения, но гарантированно создает доказательственную базу против него самого. Законодатель, стремившийся создать канал добровольного выхода, фактически его закрыл, чем сохранил устойчивую базу рекрутирования. Кумулятивная формулировка порождает и разночтения в правоприменении: суд оценивает «активное способствование» без нормативных критериев, вследствие чего в одних случаях достаточным признается сообщение номера телефона вербовщика, в других требуется установление личности организатора, что от подсудимого не зависит. Показательно, что в Российской Федерации механизм освобождения обсуждался именно в контексте необходимости стимулировать добровольный выход участников низового звена.

Рассмотрим опыт зарубежных государств.

Сингапур - единственная из рассматриваемых юрисдикций, добившаяся незамедления роста, а абсолютного сокращения показателей: в 2025 году число случаев мошенничества и киберпреступлений снизилось на 24,8 % и составило 41 974, а совокупные потери сократились с 1,1 млрд сингапурских долларов до 913,1 млн. Причина не в ужесточении наказаний, а в изменении точки приложения профилактики. С 1 июля 2025 года действует Protection from Scams Act, наделивший полицию правом выносить ограничительные предписания (Restriction Orders), адресованные банку и блокирующие расходные операции лица, в отношении которого имеются основания полагать, что оно переводит средства мошенникам. *Новизна конструкции в том, что* предписание выносится в отношении жертвы, а не правонарушителя, и вопреки ее воле, поскольку лицо под психологическим воздействием действует несвободно. Организационным дополнением служит Anti-Scam Command, объединяющее полицию и банки в режиме реального времени: в 2025 году возвращено свыше 117 млн долларов США и предотвращены потери не менее чем на 348 млн долларов.

Российская модель делает ставку на автоматизированные ограничения в платежной инфраструктуре: закон о противодействии кибермошенничеству вступил в силу 1 июня 2025 года, а его центральный элемент - «период охлаждения», при котором банк на 48 часов ограничивает переводы суммой 50 тысяч рублей в сутки. Ценность опыта в том, что временной интервал выступает самостоятельным профилактическим ресурсом: социальная инженерия основана на искусственном дефиците времени, и принудительная пауза разрушает этот механизм.

Шведский опыт ценен как предостережение: в стране, где наличные вытеснены, идентификация BankID используется более чем восемью миллионами граждан, а переводы через Swish мгновенны и необратимы, число зарегистрированных мошенничеств в 2025 году превысило 200 тысяч. Универсальность BankID делает его единственной мишенью, компрометация которой открывает доступ ко всем сервисам сразу; в ответ банки получили право исключать отдельных лиц из Swish и BankID. Вывод для Казахстана: скорость и необратимость расчетов, рассматриваемые как достижение, одновременно являются криминогенным фактором.

Согласно Bundeslagebild Cybercrime 2025 Федерального ведомства уголовной полиции, в Германии зарегистрировано около 335 тысяч киберпреступлений в узком смысле, из которых две трети (207 888) совершены из-за рубежа либо с неустановленного места; ущерб оценен в 202,4 млрд евро, или около 4,5 % валового внутреннего продукта. Доля трансграничных посягательств подтверждает недостижимость организаторов средствами национальной юрисдикции, а

соотнесение ущерба с внутренним продуктом дает инструмент оценки, которого казахстанская отчетность лишена.

Таблица 1. *Сравнительная характеристика моделей профилактики дистанционного мошенничества (2025 год)*

Государство	Ключевой правовой инструмент	Основной субъект воздействия	Результат 2025 года
Республика Казахстан	*Ст. 232-1 УК РК; Закон № 245-VIII; Антифрод-центр Национального Банка*	Органы внутренних дел	Рост с 22 560 до 27 892 фактов; ущерб 11,2 млрд тенге
Сингапур	*Protection from Scams Act 2025; ограничительные предписания (Restriction Orders)*	Полиция во взаимодействии с банками (Anti-Scam Command)	Снижение на 24,8 % (41 974); потери с 1,1 млрд до 913,1 млн синг. долл.
Российская Федерация	*Закон о противодействии кибермошенничеству (с 01.06.2025); «период охлаждения» 48 часов*	Банки и операторы связи	Ограничение переводов до 50 тыс. руб. в сутки на 48 часов
Швеция	*Исключение лиц из систем Swish и BankID по решению банка*	Банки	Свыше 200 тыс. мошенничеств; рост на 6,52 % в I квартале
Германия	*§ 261 Уголовного уложения (отмывание, в том числе неосторожное); превентивное информирование*	Полиция и организации по защите прав потребителей	335 тыс. киберпреступлений; ущерб 202,4 млрд евро (≈ 4,5 % ВВП)

Примечание — составлено автором по данным официальной статистики указанных государств.

Закономерность очевидна: наилучшего результата достигла юрисдикция, переместившая профилактическое воздействие в момент совершения платежа и наделившая полицию правом прямого предписания финансовой организации, тогда как государства, ограничившиеся усилением ответственности и информированием, показывают рост. Казахстан располагает технологической основой сингапурской модели - Антифрод-центр Национального Банка заблокировал подозрительные операции на 2,8 млрд тенге, — но не располагает ее правовым инструментарием.

Проведя анализ Закона Республики Казахстан «О профилактике правонарушений» можно обратить внимание на некоторые пробелы.

Закон Республики Казахстан от 30 декабря 2025 года № 245-VIII расширил круг субъектов профилактики и систематизировал меры воздействия. Глава об особенностях профилактики отдельных видов правонарушений включает статьи о бытовом насилии (статья 72), рецидивной преступности (статья 73), правонарушениях, совершаемых в состоянии опьянения (статья 74) и в общественных местах (статья 75), а также об экономических правонарушениях (статья 76). Самостоятельная статья о профилактике правонарушений, совершаемых с использованием информационно-коммуникационных технологий, отсутствует, хотя именно эта категория растет наиболее интенсивно, тогда как правонарушения в общественных местах и в состоянии опьянения устойчиво снижаются: структура закона воспроизводит криминологическую картину предшествующего периода.

Второй пробел касается распределения компетенции. Статья 13 наделяет органы внутренних дел перечнем полномочий более чем из двадцати подпунктов, включая вынесение официального предостережения, защитного предписания и ограничение доступа правонарушителя в жилище. Компетенция уполномоченного органа по регулированию финансового рынка (статья 34) ограничена двумя подпунктами, из которых содержателен лишь первый - ведение разъяснительной работы. Возникает структурное несоответствие: субъект с наибольшим объемом полномочий не имеет доступа к среде, где совершается посягательство, а субъект, контролирующий эту среду, наделен единственной содержательной обязанностью. Третий пробел терминологический: статья 15, определяющая компетенцию органов юстиции, содержит три подпункта, второй из которых предусматривает юридическую экспертизу проектов нормативных правовых актов в целях предупреждения принятия норм, способствующих совершению правонарушений. Формулировка описывает криминологическую экспертизу, но не называет ее таковой и не устанавливает ни методики, ни обязательности учета выводов, вследствие чего институт остается декларативным. Наконец, статья 71 предусматривает меры виктимологической профилактики, для дистанционного мошенничества первостепенные, поскольку деяние совершается руками самой потерпевшей стороны; однако механизма, позволяющего прервать перевод в момент его совершения, закон не содержит.

Выводы и предложения

Снижение общей преступности в Республике Казахстан носит структурный характер и объясняется в том числе миграцией корыстных посягательств в цифровую среду. Система профилактики, закрепленная Законом № 245-VIII, воспроизводит модель, ориентированную на физическое пространство, и не дает органам внутренних дел инструментов воздействия в момент совершения платежа. Введение

статьи 232-1 Уголовного кодекса обоснованно, однако кумулятивная конструкция примечания блокирует профилактический потенциал нормы. Предлагается следующее.

– В примечании к статье 232-1 Уголовного кодекса Республики Казахстан заменить соединительный оборот «а также» на разделительный союз «либо»: «лицо, впервые совершившее уголовное правонарушение, предусмотренное настоящей статьей, добровольно заявившее об этом либо активно способствовавшее раскрытию или пресечению этого правонарушения, освобождается от уголовной ответственности…». Замена превращает кумулятивное условие в альтернативное и делает освобождение достижимым для дроппера низового уровня, не располагающего сведениями об организаторах. Ожидаемый результат - канал добровольного выхода из криминальной схемы, сужение базы рекрутирования и устранение почвы для противоречивой судебной практики.

– Дополнить статью 15 Закона Республики Казахстан «О профилактике правонарушений», содержащую в настоящее время три подпункта, подпунктом 4): «4) проводят криминологическую экспертизу проектов нормативных правовых актов, регулирующих оказание финансовых и цифровых услуг, с обязательным опубликованием заключения», что переводит фактически осуществляемую, но нормативно не поименованную деятельность в статус института профилактики.

– Дополнить статью 34 того же Закона подпунктом 1-1): «1-1) обеспечивает передачу органам внутренних дел обезличенных сведений о платежных транзакциях с признаками мошенничества для организации адресной виктимологической профилактики». Ныне компетенция регулятора ограничена разъяснительной работой, что не соответствует его роли ключевого «опекуна» цифровой среды.

– Дополнить главу об особенностях профилактики отдельных видов правонарушений статьей 76-1 «Особенности профилактики правонарушений, совершаемых с использованием информационно-коммуникационных технологий», предусмотрев обязанность вести адресную работу с категориями населения, наиболее подверженными виктимизации.

– Ввести по образцу сингапурского Restriction Order институт предписания о финансовой защите - решения органа внутренних дел, адресованного банку второго уровня и временно ограничивающего расходные операции по счету гражданина при наличии обоснованных данных о совершении перевода под воздействием обмана. Юридическая конструкция уже присутствует в правовой системе Казахстана: статья 52 Закона предусматривает запрет на приближение, статья 60 - защитное предписание; мера лишь распространяет известный институт на имущественную сферу, что снижает риски правовой неопределенности.

Срок действия следует ограничить сорока восемью часами с правом однократного продления по санкции прокурора.

– Внедрить в отчетность правоохранительных органов показатель соотношения ущерба от правонарушений, совершенных с использованием информационно-коммуникационных технологий, с валовым внутренним продуктом по методике Федерального ведомства уголовной полиции Германии: абсолютные суммы в тенге не позволяют оценить масштаб угрозы и не сопоставимы в международном формате.

Реализация предложенных мер не требует увеличения штатной численности органов внутренних дел и не связана с наращиванием санкций: как показывает сингапурский опыт, результативность обеспечивается не строгостью наказания, а способностью прервать противоправную операцию в момент ее совершения. Вместе с тем следует учитывать эффект смещения преступности: сокращение массовых схем сопровождается ростом среднего ущерба по целевым атакам.

Список использованной литературы

1 Об утверждении Концепции по продвижению в обществе идеологии закона и порядка на 2025–2030 годы: Указ Президента Республики Казахстан. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/P2500000200 (дата обращения: 04.08.2026).

2 **Каиржанов Е.И.** Криминология: Общая часть: учебник. Алматы, 2000.

3 **Борчашвили И.Ш.** Комментарий к Уголовному кодексу Республики Казахстан. Общая часть. Алматы, 2015.

4 **Cohen L.E., Felson M.** Social Change and Crime Rate Trends: A Routine Activity Approach // American Sociological Review. 1979. Vol. 44, №4. P. 588–608.

5 **Yar M.** The Novelty of ‘Cybercrime’: An Assessment in Light of Routine Activity Theory // European Journal of Criminology. 2005. Vol. 2, №4. P. 407–427.

6 **Номоконов В.А., Тропина Т.Л.** Киберпреступность как новая криминальная угроза // Криминология: вчера, сегодня, завтра. 2012. №1 (24).С. 45–55.

7 Cifas. Fraudscape. - London: Cifas, 2024.

8 **Clarke R.V.** Situational Crime Prevention: Successful Case Studies. 2nd ed. Guilderland, NY: Harrow and Heston, 1997. 357 p.

9 Уголовный кодекс Республики Казахстан от 3 июля 2014 года № 226-V (с изменениями и дополнениями 19.06.2026). URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/ K1400000226 (дата обращения: 25.06.2026).

10 О профилактике правонарушений: Закон Республики Казахстан от 30 декабря 2025 года № 245-VIII (с изменениями и дополнениями 24.06.2026). URL: https://prg.kz/document/?doc_id=34819878&ysclid=msmvods2af508231606 (дата обращения: 26.06.2026).

11 В Казахстане введена уголовная ответственность за дропперство: вступила в силу статья 232-1 УК: информационное сообщение Министерства внутренних дел Республики Казахстан. URL: https://www.gov.kz/memleket/ entities/qriim/press/news/details/1068462 (дата обращения: 23.06.2026).

12 Правовая статистика: Комитет по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан. URL: https://qamqor.gov.kz/crimestat/ Статистика преступности: Бюро национальной статистики. - URL: https://stat.gov.kz/ru/industries/social-statistics/stat-crime/ (дата обращения: 26.06.2026).

13 Итоги работы Антифрод-центра: заблокированы подозрительные операции на 2,8 млрд тенге: информационное сообщение Национального Банка Республики Казахстан. - URL:

https://nationalbank.kz/ru/news/informacionnye-soobshcheniya/18571 (дата обращения: 24.07.2026).
14 Protection from Scams Act 2025 (Singapore). URL: https://sso.agc. gov.sg/Act/PSA2025 (дата обращения: 24.07.2026).
15 Annual Scam and Cybercrime Brief 2025 / Singapore Police Force. - Singapore, 2026. 40 p.
16 Bundeslagebild Cybercrime 2025 / Bundeskriminalamt. - Wiesbaden, 2026.
17 Payments Report 2025: Are payments in Sweden safe? / Sveriges Riksbank. - Stockholm, 2025.
18 О противодействии кибермошенничеству: Федеральный закон Российской Федерации от 1 апреля 2025 года.

Сведения об авторах

Айтуарова Альфия Булатовна *— Ученый секретарь Ученого совета Академии управления МВД Республики Казахстан кандидат юридических наук, ассоциированный профессор (доцент) полковник полиции.*

Альфия Булатовна Айтуарова *— Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Басқару академиясының Ғылыми кеңесінің ғалым хатшысы, заң ғылымдарының кандидаты, қауымдастырылған профессор (доцент), полиция полковнигі.*

Alfiya Aituarova *— Academic Secretary of the Academic Council of the Academy of Management of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan, Candidate of Legal Sciences (PhD in Law), Associate Professor, Police Colonel.*

Усембаев Ерасыл Ерсаинұлы *— Научный сотрудник Академии управления МВД Республики Казахстан, старший лейтенант полиции.*

Ерасыл Ерсаинұлы Усембаев *— Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Басқару академиясының ғылыми қызметкері полиция аға лейтенанты.*

Yerassyl Yersainuly Ussembayev — *Research Fellow at the Academy of Management of the Ministry of Internal Affairs of the Republic of Kazakhstan Senior Police Lieutenant.*

ӘОЖ *341.45:343.102:343.575(574).,* ***МҒТАР*** *10.71.43*

ГАЛИХАНОВ М.М.
Қостанай облысы полиция департаменті
Қостанай қ-сы, Қазақстан

ТРАНСҰЛТТЫҚ ЕСІРТКІ ТРАФИГІНЕ ҚАРСЫ ІС-ҚИМЫЛ КЕЗІНДЕГІ ЖЕДЕЛ-ІЗДЕСТІРУ ҚЫЗМЕТІ САЛАСЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҚ: ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ ПРОБЛЕМАЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің 2023-2025 жылдардағы деректері негізінде қылмыстылықтың жалпы көрсеткіштерінің төмендеуі есірткі қылмыстылығының өсуімен және оның цифрлық трансшекаралық нысанға ауысуымен қатар жүретіні көрсетілген. Халықаралық қылмыстық полиция ұйымы - Интерпол Жарғысына талдау жүргізіліп, оның институционалдық шектері анықталды. Қазақстан Республикасының «Жедел-іздестіру қызметі туралы» Заңы трансшекаралық бақыланатын жеткізілімді, бірлескен жедел-іздестіру топтарын және Интерпол арналары арқылы алынған мәліметтерді заңдастыру тәртібін регламенттемейтіні анықталды. Алты нақты нормативтік ұсыныс тұжырымдалды.

Кілтті сөздер: *жедел-іздестіру қызметі; халықаралық ынтымақтастық; Интерпол; есірткі трафигі; синтетикалық есірткілер; бақыланатын жеткізілім; бірлескен жедел-іздестіру топтары; дәлелдемелердің жарамдылығы; жазаның бұлтартпастығы.*

Международное сотрудничество в сфере оперативно-розыскной деятельности при противодействии транснациональному наркотрафику: проблемы правового регулирования и пути их разрешения

На основе данных Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан за 2023-2025 годы показано, что снижение валовых показателей преступности сопровождается ростом наркопреступности и ее переходом в цифровую трансграничную форму. Проведен анализ Устава Международной организации уголовной полиции - Интерпол и выявлены его институциональные пределы. Установлено, что Закон

Республики Казахстан «Об оперативно-розыскной деятельности» не регламентирует трансграничную контролируемую поставку, совместные оперативно-розыскные группы и порядок легализации сведений, полученных по каналам Интерпола. Сформулированы шесть конкретных нормативных предложений.

Ключевые слова: *оперативно-розыскная деятельность; международное сотрудничество; Интерпол; наркотрафик; синтетические наркотики; контролируемая поставка; совместные оперативно-розыскные группы; допустимость доказательств; неотвратимость наказания.*

International cooperation in operational-search activity against transnational drug trafficking: legal regulation issues and solutions

Drawing on 2023-2025 statistics of the Committee on Legal Statistics and Special Records of the Prosecutor General's Office of the Republic of Kazakhstan, the article shows that the decline in aggregate crime figures conceals a sustained growth of drug-related offences and their migration into a digital, cross-border form. An analysis of the Constitution of INTERPOL reveals its institutional limits. The Law on Operational-Search Activity is shown to lack regulation of cross-border controlled deliveries, joint investigation teams and the legalisation of data obtained through INTERPOL channels. Six specific normative proposals are formulated.

Keywords: *operational-search activity; international cooperation; INTERPOL; drug trafficking; synthetic drugs; controlled delivery; joint investigation teams; admissibility of evidence; certainty of punishment.*

Кіріспе

Қазақстан Республикасындағы есірткі ахуалы: 2023-2025 жылдардағы деректерді талдау

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің деректері екі трендтің алшақтығын тіркейді. 2023 жылы 140 272 қылмыстық құқық бұзушылық тіркелсе, 2024 жылы - 132 778, төмендеу 5,3 пайызды құрады; 2025 жылғы қаңтар-сәуірде жалпы қылмыстылық тағы 4,1 пайызға қысқарды. Есірткі қылмыстылығы қарама-қарсы серпін көрсетеді: 2023 жылы 7 160 және 2024 жылы 8 363 әрекет, бұл жалпы массивтің 6,3 пайызын құрайды; 2025 жылғы қаңтар-сәуірде олардың саны 2 748-ден 3 093-ке дейін, яғни 12,6 пайызға өсті. Алып қою көлемі де өсуде - 2018 жылғы 20,3 тоннадан 2023 жылы 41,1 тоннаға және 2025 жылы шамамен 49 тоннаға дейін, бұл ретте 4,5 миллион бір реттік дозаға баламалы шамамен 1,5 тонна синтетикалық есірткі алып қойылды және 128 есірткі зертханасы, оның ішінде 28 синтетикалық зертхана жойылды. Құбылыс ірі агломерациялар шегінен шықты: 2024 жылы Астана қаласында 1 170 есірткі қылмысы тіркелсе,

Ұлытау облысында олардың саны 43-тен 116-ға дейін өсті, яғни іс жүзінде үш есе артты [4].

Негізгі мәселе - жалпы қылмыстылық төмендеген кезде есірткі қылмыстылығының неліктен өсіп отырғанында. ***Біріншіден,*** өткізу технологиясы өзгерді: закладкаларға, мессенджерлер арқылы үйлестіруге және криптовалютамен есеп айырысуға негізделген байланыссыз тәсіл дәстүрлі нысандарды ығыстырды. 2025 жылы 17 мыңға жуық онлайн тарату арнасы бұғатталды, «MERGEN» жүйесі 22 мыңнан астам цифрлық контент бірлігін өңдеп, 6,1 мыңнан астам есірткі дүкенін бұғаттады, ал 2025 жылғы қазанда құрылған Ұлттық ведомствоаралық таргетинг-орталығы 78 факт бойынша 23,3 тонна прекурсорды алып қойды [5]. Мұндай өткізу өз табиғаты бойынша трансшекаралық: ұйымдастырушы, төлем инфрақұрылымы, прекурсорлар қоймасы және орындаушы төрт түрлі юрисдикцияда болуы мүмкін.

Екіншіден, қылмыс заты өзгерді. Бес жылда синтетикалық есірткіні алып қоюдың 10 килограмнан бір тоннадан астамға дейін өсуі өсімдік тектес есірткілердің зертханалық есірткілермен алмастырылуын көрсетеді: синтетикалық өндіріс өнім мен климатқа тәуелді емес, тек прекурсорларға қол жеткізуді ғана қажет етеді, сондықтан тарихи тұрғыда опиат трафигіне қолданылып келген бақылау әдістеріне көнбейді. Үшіншіден, анықталу деңгейі өзгерді, өйткені цифрлық мониторинг тіркелетін массивті механикалық түрде ұлғайтады; соңғысы интерпретациялауда сақтықты талап етеді, себебі тіркеудің өсуі ахуалдың нашарлауын да, бұрын латентті болған әрекеттердің анықталуын да көрсетуі мүмкін.

2024 жылғы қылмыстылық құрылымы зерттеу нысанасына тікелей қатысы бар заңдылықты анықтайды. Жалпы массив 132 778 әрекетті құраған кезде алаяқтық 45 156 (34 пайыз), ұрлық - 30 593 (23 пайыз), есірткі қылмыстары - 8 363, кісі өлтіру - 566 болды [6]. Бір жылда ұрлық санының 28,3 пайызға күрт құлдырауы ең көрнекі: бұрын тіркелетін қылмыстылықтың елеулі бөлігін құраған пәтер ұрлықтары салмақты санат болудан қалды, ал интернет-алаяқтық саны бірнеше есе өсті [6]. Бұл процестер себеп-салдарлық байланыста: қылмыстылық жойылған жоқ, ол әрекет жасау шығындары төмен, ал субъектіні сәйкестендіру ықтималдығы аз ортаға көшті. Тұрғын үйге кіру физикалық қатысуды талап етеді, із қалдырады және тікелей ұсталу қаупін туғызады; қашықтықтан жымқыру мен байланыссыз өткізу мұндай шығындарды көтермейді.

Бұдан жалпы көрсеткіштің төмендеуі тиімділіктің дербес өлшемшарты бола алмайтыны шығады: ең қауіпті, ұйымдасқан және трансшекаралық сегмент өскен кезде жалпы массивтің 5,3 пайызға қысқаруы есептіліктің формальды жақсаруы кезінде қылмыстылықтың сапалық құрылымының нашарлауын білдіреді. Жекелеген құрамдарды есепке алу саласында да осыған ұқсас проблема бар: абайсызда жәбірленушінің өліміне әкеп соққан денсаулыққа қасақана ауыр зиян

келтіру іс жүзіндегі салдары бойынша кісі өлтірумен бірдей, алайда кісі өлтіру статистикасына қосылмайды, соның салдарынан зорлық-зомбылық әрекеттерінен болған өлім саны өзгермеген кезде көрсеткіш төмендеуді көрсетуі мүмкін. Статистикалық көрсеткіш тек криминогендік ахуалдың ғана емес, саралау мен есепке алу қағидаларының да функциясы болып табылады, сондықтан бірнеше жылдағы серпінді кез келген салыстыру осы кезеңде тіркеу қағидаларының өзі өзгермегенін алдын ала тексеруді талап етеді. Осы тақырыпқа қатысты бұл халықаралық ынтымақтастықтың нәтижелілігін алып қойылған есірткі құралдарының салмағы бойынша бағалаудың негізсіз екенін білдіреді: жеткізу арналары сақталған кезде 49 тоннаны алып қою айналымның ауқымын сипаттайды, оған қарсы іс-қимылдың табысын емес.

Халықаралық қылмыстық полиция ұйымы - Интерпол Жарғысы 1956 жылы қабылданып, 1956 жылғы 13 маусымда күшіне енді және 1986 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша өзгерістерімен қолданылады [7]. Күннің өзі-ақ нормативтік негіз бен трансұлттық қылмыстылықтың қазіргі жай-күйі арасындағы алшақтықты көрсетеді: базалық құжат мәні бойынша төрт онжылдық бойы қайта қаралған жоқ.

Жарғының 2-бабы ұйымның мақсаттарын айқындайды - мемлекеттердің заңнамасы шеңберінде және Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясының рухында қылмыстық полиция органдарының өзара ынтымақтастығын қамтамасыз ету және дамыту, сондай-ақ жалпы қылмыстық сипаттағы қылмыстылықтың алдын алуға ықпал ететін мекемелер құру. 3-бапта саяси, әскери, діни немесе нәсілдік сипаттағы араласуға немесе қызметке үзілді-кесілді тыйым салынған. 5-бап құрылымды бекітеді: Бас Ассамблея, Атқару комитеті, Бас хатшылық, Ұлттық орталық бюролар және Кеңесшілер. Осы зерттеу үшін ерекше маңызы бар 15-бап Атқару комитетінің құрамын айқындайды - Ұйым Президенті, үш Вице-президент және тоғыз Делегат, яғни он үш мүше; Вице-президенттер үш жылға сайланады және сол лауазымдарға не Делегат ретінде дереу қайта сайлана алмайды; 15 және 16-баптарда көзделген келісу талаптары бұзылған жағдайда төртінші Вице-президент сайланады және Комитет уақытша он төрт мүшені қамтиды; оның мүшелері түрлі елдердің полициясын және мүмкіндігінше барлық құрлықтарды білдіруге тиіс. 26-бап Бас хатшылықтың функцияларын, 31 және 32-баптар мүше мемлекеттердің міндеттемелері мен ұлттық орталық бюролардың мәртебесін бекітеді.

Ақпаратты өңдеу Интерполдың деректерді өңдеу туралы қағидаларымен реттеледі, бақылауды Файлдарды бақылау жөніндегі комиссия жүзеге асырады, техникалық инфрақұрылым қорғалған I-24/7 желісімен қамтамасыз етіледі. Түсті хабарламалар жүйесі қолданылады; 2025 жылғы 10 қаңтардан бастап қылмыстық активтерді қадағалауға арналған күміс хабарлама қолданылады. Тетіктің Қазақстан Республикасы үшін практикалық маңызы статистикамен расталады: 2025 жылғы 8 шілдедегі жағдай бойынша іздеуде 2 158 адам болды, шетелде

Қазақстан Республикасының 520 азаматының тұрған жері анықталды; 2025 жылы шетелде іздеудегі 182 адам ұсталды, барлығы 1 668 адам ұсталды, оның ішінде 690-ы - шет мемлекеттердің сұрау салулары бойынша Қазақстан Республикасының аумағында; Қазақстан Республикасына 2023 жылы 55 адам және 2024 жылы 67 адам экстрадицияланды [9]. Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық орталық бюросының құқықтық мәртебесі Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2014 жылғы 29 шілдедегі №477 бұйрығына 14-қосымшамен, халықаралық іздеу жариялау тәртібі - тиісті Нұсқаулықпен айқындалған [8].

Сонымен қатар тетік есірткі трафигіне қатысты аса маңызды төрт институционалдық шекті анықтайды.

Біріншісі - жедел-іздестіру өкілеттіктерінің жоқтығы. Интерпол ұлттан жоғары құқық қорғау органы болып табылмайды, жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізуге, адамдарды ұстауға немесе заттарды алып қоюға құқылы емес; оның функциясы ақпарат алмасу мен үйлестіруге саяды. Есірткі трафигіне қатысты бұл ұйымның адамның тұрған жерін анықтауды қамтамасыз ете алатынын, бірақ жеткізу арнасын нақты уақыт режимінде құжаттай алмайтынын білдіреді.

Екіншісі - сұрау салуларды орындаудың міндетті еместігі және ден қою мерзімдерінің жоқтығы. Жарғы мүше мемлекеттің сұрау салуды орындау міндетін де, ұлттық орталық бюроның жауап берудің шекті мерзімін де белгілемейді. Жасырынып жүрген адамды іздеу үшін мұндай құрылымға жол беруге болады; есірткі трафигін жедел сүйемелдеу үшін ол қолайсыз, өйткені синтетикалық есірткі партиясы бірнеше мемлекетті санаулы күндерде кесіп өтеді, ал екі аптадан кейін алынған жауап жедел құндылығын толығымен жоғалтады.

Үшіншісі - қызыл хабарламаларды теріс пайдалану. Қолданыстағы шамамен 86 мың қызыл хабарламаның 10 пайызынан азы ғана жария етілген; 2024 жылы Файлдарды бақылау жөніндегі комиссия кемінде 322 хабарламаны негізсіз деп алып тастады, ал 2023 жылы қызыл хабарламалар мен диффузиялардың тек 1,2 пайызы ғана Жарғының 2 немесе 3-баптарына сәйкес келмеуі себебімен қабылданбады. Кейіннен алып тасталғандардың едәуір саны кезіндегі сұрыптаудың осынша төмен пайызы алдын ала бақылаудың формальды сипатын куәландырады және жалпы арнаға деген сенімнің төмендеуіне әкеледі, бұл есірткі қылмыстары бойынша адал сұрау салуларды да қозғайды.

Төртіншісі - материалдардың дәлелдемелік маңызының айқынсыздығы. Ұлттық орталық бюро арқылы келіп түсетін мәліметтер бағдарлаушы, іздестіру сипатында болады; оларды дәлелдеме ретінде пайдалану құқықтық көмек тәртібімен кейіннен заңдастыруды талап етеді. Заңнамада мұндай ауысудың шарттарын айқындайтын тікелей норманың жоқтығы процестік дауларға негіз жасайды және қылмыстық істердің формальды негіздер бойынша тоқтатылуының факторларының бірі болып табылады.

Есірткі трафигіне қарсы іс-қимылдың халықаралық-құқықтық негізін 1961, 1971 және 1988 жылғы конвенциялар құрайды. Соңғысында тікелей жедел-іздестіру мазмұнындағы екі ереже бар: 9-бап ынтымақтастықтың өзге нысандарын, 11-бап - бақыланатын жеткізілімдерді регламенттейді. Біріккен Ұлттар Ұйымының 2000 жылғы Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясы құралдар жиынтығын бірлескен тергеп-тексерулер туралы 19-баппен және арнайы тергеу әдістері туралы 20-баппен толықтырады; дәл осы 19-бап бірлескен тергеу және жедел-іздестіру топтарын - ұйымдасқан есірткі бизнесіне қатысты еуропалық практикада нәтижелілігін дәлелдеген форматты құрудың халықаралық-құқықтық негізі болып табылады. Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас Ассамблеясы 2024 жылғы 24 желтоқсандағы 79/243 қарарымен 2025 жылғы 25-26 қазанда Ханойда қол қоюға ашылған Киберқылмысқа қарсы конвенцияны қабылдады, онда оған жетпіс бір мемлекет және Еуропалық одақ қол қойды [9]; байланыссыз өткізу толығымен электрондық іздер арқылы жүзеге асырылатындықтан, ол құрған электрондық дәлелдемелермен трансшекаралық алмасу тетігі құқықтық көмектің классикалық нысандарына қарағанда қазіргі есірткі трафигіне неғұрлым релевантты.

Өңірлік деңгейде Қазақстан Республикасы 2002 жылғы Кишинев конвенциясына, Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы мен Шанхай ынтымақтастық ұйымы шеңберіндегі келісімдерге, сондай-ақ 2007 жылғы 1 қарашадан бастап Алматы қаласында жұмыс істейтін Орталық Азия өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығының қызметіне қатысады [10]; Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы шеңберінде «Канал» операциясының қорытындысы бойынша 2025 жылы 8 тоннадан астам есірткі алып қойылды. Осылайша, проблема халықаралық-құқықтық құралдардың жоқтығында емес, олардың ұлттық жедел-іздестіру заңнамасы деңгейінде толық имплементацияланбауында: бақыланатын жеткізілімді трансшекаралық режимде жүргізу тәртібі, бірлескен топтарға қатысушылар арасында процестік өкілеттіктерді бөлу және алынған нәтижелердің мәртебесі заңмен егжей-тегжейлі реттелмеген.

Бір мемлекеттің құқық қорғау органдарын екінші мемлекеттің құзыретті органдары жанында білдіретін байланыс офицерлері институты жеке атап өтуге лайық. Олардың қызметі ден қою мерзімін бірнеше сағатқа дейін қысқартуға мүмкіндік беретін алдын ала келісудің бейресми арнасын қамтамасыз етеді, алайда мұндай қызметкерлердің құқықтық мәртебесі мен олар алған мәліметтердің заңдық маңызы заңмен айқындалмаған, соның салдарынан олардың жұмысының нәтижесі айналымға тек кейінгі ресми сұрау салу арқылы ғана енгізіледі. Орталық Азия өңірлік ақпараттық үйлестіру орталығына қатысты да осыған ұқсас жағдай қалыптасып отыр: орталықтың аналитикалық массивтері мен халықаралық бақыланатын жеткізілімдерді үйлестіру мүмкіндіктері бар, алайда оның материалдарын Қазақстан Республикасында жедел-

іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдардың пайдалану тәртібі ведомстволық актілермен реттелмеген.

Заңнамалық реттеу мәселелерін қарауды ұсынамыз: заң техникасының кемшіліктері мен олқылықтар:

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 15 қыркүйектегі №154-XIII «Жедел-іздестіру қызметі туралы» Заңында өзара іс-қимыл туралы нормалардың арнайы блогы бар: 17-бап Қазақстан Республикасының жедел-іздестіру қызметін жүзеге асыратын органдарының өзара іс-қимылын, 18-бап - өзге мемлекеттердің органдарымен өзара іс-қимылды, 19-бап - халықаралық құқық қорғау ұйымдарымен өзара іс-қимылды реттейді. 1-баптың 8-тармағы бақыланатын жеткізілімді еркін өткізуге тыйым салынған не айналымы шектелген, сондай-ақ қылмыстық қол сұғушылықтың объектілері немесе құралдары болып табылатын заттарды, субстанцияларды және өнімдерді жеткізуге, сатып алуға, сатуға, орнын ауыстыруға бақылау орнату арқылы қылмыстық әрекеттің белгілері туралы ақпарат алу тәсілі ретінде айқындайды.

Халықаралық өзара іс-қимыл туралы нормалар мұндай өзара іс-қимылдың құқықтық негіздерін санамалау кезінде «немесе» талғаулықты жалғаулығын пайдалана отырып құрылған. Құқық қолдануда талғаулықты құрылым бірін-бірі жоққа шығаратын баламаларға нұсқау ретінде түсіндіріледі. Практикалық салдары мынадай: егер мәліметтер бір мезгілде Интерпол арналары арқылы және құқықтық көмек туралы сұрау салуды орындау тәртібімен алынса, қорғау тарапы бір негіз екіншісін жоққа шығарады, демек, материалдардың бір бөлігі белгіленген тәртіпті бұза отырып жиналған деп пайымдауға негіз алады. Мұндай уәж бойынша сот практикасы біркелкі емес, бұл өздігінен істің формальды себеппен тоқтатылу қаупін туғызады. «Немесе» жалғаулығын «және (немесе)» ыңғайластық-талғаулықты құрылымымен ауыстыру айқынсыздықты жояды: ол негіздерді баламалы түрде де, жиынтық түрде де пайдалануға тікелей жол береді, қызметкердің нақты жедел жағдайдағы жол берілетін әрекеттерінің ауқымын кеңейтеді және қорғау тарапының аталған уәжін нормативтік тірегінен айырады.

Бақыланатын жеткізілімнің анықтамасы мемлекеттік шекараға қатыссыз тұжырымдалған: ол бақыланатын заттың бірнеше мемлекеттің аумағы арқылы орнын ауыстыруына тікелей жол бермейді, шет мемлекеттің құзыретті органдарымен келісуге уәкілетті органды айқындамайды және Қазақстан Республикасынан тыс жерде алынған нәтижелерді тіркеу тәртібін белгілемейді. Бірлескен жедел-іздестіру топтары туралы норма жоқ, алайда оларды құрудың халықаралық-құқықтық негізі Палермо конвенциясының 19-бабымен берілген. Ақырында, Заң Интерполдың Ұлттық орталық бюросы арқылы келіп түскен мәліметтер дәлелдемелік маңызға ие болатын шарттарды айқындамайды. Нәтижесінде синтетикалық есірткі партиясының бірнеше мемлекеттің аумағы арқылы орнын ауыстыруы туралы ақпаратқа ие жедел қызметкер құқықтық айқынсыздық жағдайында әрекет етеді: заң

рәсімді сипаттамайды, ал конвенциялық норма жедел-іздестіру саласында тікелей қолданылмайды және нақтылауды талап етеді.

2026 жылы қазақстандық заң шығарушы іс жүзінде қабылдаған жазаны жай ғана қатаңдатудың тиімсіздігі туралы тезистің берік эмпирикалық негіздемесі бар. Д. Нэйгиннің қорытындысы іргелі маңызға ие, оған сәйкес жазаның бұлтартпастығының тежеу әсерінің дәлелдемелері оның қатаңдығы әсерінің дәлелдемелеріне қарағанда салыстыруға келмейтіндей тұрақты: пәрменді тежеу факторы - кейінгі құқықтық салдардың ауырлығы емес, ұсталу ықтималдығы [11]. Бұдан ұйымдастырушылардың анықталу ықтималдығы төмен күйінде қалған кезде есірткі өткізгені үшін бас бостандығынан айыру мерзімдерін ұлғайту ықтимал құқық бұзушының есебін өзгертпейтіні шығады.

А. Брага, Д. Вайсбурд және Б. Турчанның Campbell Collaboration шеңберінде орындалған және жиырма төрт квазиэксперименттік зерттеуді қамтитын жүйелі шолуы шоғырландырылған тежеу стратегияларының қылмыстылықты оған іргелес аумақтарға елеулі ығыстырусыз төмендетудің статистикалық маңызды қалыпты әсерін беретінін анықтады, бұл ретте ең үлкен әсер ұйымдасқан топтарға қарсы бағытталған бағдарламалар үшін тіркелген [12]. Н. Корсаро бірлескен авторлармен жүргізген Хай-Пойнт қаласындағы Drug Market Intervention бағдарламасын бағалау зорлық-зомбылық қылмыстылығының 14 пайызға төмендегенін көрсетті [13]. Қазақстан Республикасы үшін практикалық қорытынды ресурсты түпкі орындаушыларға емес, ұйымдасқан құрылымдарға шоғырландыруда: ұсталған закладчикті ауыстыруды ұйымдастырушы бірнеше күн ішінде жүзеге асырады және ол елеулі шығындарды талап етпейді, соның салдарынан жолы кесілген өткізу фактілері санының көрсеткіші жұмыстың қарқындылығын көрсетеді, бірақ оның нәтижелілігін емес.

Сингапур Республикасының тәжірибесі қатаң құқық қолдануды міндетті емдеумен ұштастыратын модель ретінде қызығушылық тудырады. Орталық есірткі бюросының қызметі өзара байланысты төрт бағытқа құрылады: превентивті білім беру, құқық қолдану, емдеу және оңалту, пенитенциарлықтан кейінгі сүйемелдеу, бұл ретте олардың ешқайсысы өзін-өзі толық қамтамасыз ететін бағыт ретінде қарастырылмайды. 1973 жылғы Есірткіні теріс пайдалану туралы заңның 34-бабы Орталық есірткі бюросының директорына адамды медициналық куәландыруға жіберу және қадағалау не емдеу және оңалту туралы бұйрық шығару құқығын береді; 2019 жылғы өзгерістерден кейін қадағалау мерзімі бес жылға дейін ұлғайтылды, оңалту орталығында болу мерзімі алты айдан үш жылға дейінді құрайды. Заңнаманың адам есірткі саудасын әлсіретуге елеулі жәрдем көрсеткен кезде жауаптылықты жеңілдетуді, яғни орындаушыдан ұйымдастырушыға қарай ілгерілеуге тікелей бағдарланған құралды көздейтіні маңызды. Бұл ретте Сингапур әкімшілік бақылау тығыздығы жоғары шағын юрисдикция болып табылады және шекарасының ұзындығы он үш мың километрден асатын мемлекеттің бұл

модельді тікелей алуы әдіснамалық тұрғыдан дұрыс емес; жекелеген элементтер - бірыңғай уәкілетті орган, тұтынушылар үшін бас бостандығынан айыруға балама ретінде міндетті емдеу және ұйымдастырушыларды әшкерелеуге жәрдемдескені үшін жауаптылықты институционалдандырылған жеңілдету алынуға жатады.

Әдебиетте режимнің сыны да, атап айтқанда, қадағалау аяқталғаннан кейін тестілеуден өту міндетінің мерзімсіз сақталуы атап өтіледі.

Португалия Республикасының тәжірибесі нысаны бойынша қарама-қарсы, бірақ мәні бойынша бір бағыттағы шешімнің нәтижелілігін көрсетеді. 2001 жылы есірткіні жеке қажеттілік үшін тұтыну мен сақтау декриминализацияланғаннан кейін 2021 жылға қарай артық дозадан болатын өлім-жітім миллион тұрғынға шаққанда 80-нен 6 жағдайға дейін төмендеді, инъекциялық тұтынушылар арасында жаңадан қойылған АИТВ диагноздарының саны 2001 жылғы 1 016-дан 2012 жылы 56-ға дейін қысқарды, ал түрмедегілер арасында есірткі қылмыстары үшін сотталғандардың үлесі 40-тан астамнан 15 пайызға дейін азайды. Өткізу мен трафиктің қылмыстық жазаланатын күйінде қалғаны түбегейлі маңызды: португалдық модель айналымға қарсы іс-қимылды әлсіреткен жоқ, ресурсты тұтынушыларды қудалаудан жеткізушілерді қудалауға қайта бөлді. Екі модельді салыстыру бірыңғай қорытындыға әкеледі: жедел бөліністердің ресурсы трансшекаралық ұйымдастырушы буынға шоғырлануға тиіс, өйткені дәл сол автоматты түрде қайта жаңғырмайды, демек, халықаралық өзара іс-қимылдың сапасы нәтижеліліктің қосалқы емес, айқындаушы факторы болып табылады. Доктринада халықаралық ынтымақтастықтың құқықтық негіздерін А.Г. Волеводз барынша дәйекті әзірледі [15], Интерпол қызметінің проблематикасын - К.С. Родионов пен В.С. Овчинский [16; 17], жедел-іздестіру қызметінің теориялық негіздерін - В.М. Атмажитов пен В.Г. Бобров [18], қазақстандық ғылымда дәлелдемелердің жарамдылығы мәселелерін М.Ч. Қоғамов әзірледі [19], есірткі қылмыстарын саралау проблемаларын - И.Ш. Борчашвили.

Біріккен Ұлттар Ұйымының Есірткі және қылмыс жөніндегі басқармасының 2025 жылғы 6 қарашада жария етілген деректері бойынша, Ауғанстанда опий өндірісі 32 пайызға қысқарып, 296 тоннаны құрады, ал өсіру алаңы 2022 жылғы 232 000 гектарға қарағанда 10 200 гектарға дейін азайды. Бұл фактіні Орталық Азия мемлекеттері үшін жағдайдың жақсаруы деп түсіндіруге болмайды: опиат өндірісінің қысқаруы сұранысты жойған жоқ, өсімдік тектес есірткілердің синтетикалық есірткілермен алмастырылуын туғызды, олардың өндірісі ауыл шаруашылығы цикліне байланысты емес және прекурсорлар болған кезде кез келген жерде орналасады. 2025 жылғы Есірткі туралы дүниежүзілік баяндама дәл осы ауысуды - даркнет пен криптовалюталық есеп айырысулардың рөлі артқан кездегі метамфетаминнің, нитазендер мен синтетикалық опиоидтердің өсуін тіркейді. Қазақстан Республикасы үшін бұл рөлдің өзгеруін білдіреді: негізінен транзиттік мемлекеттен ел аумағында өндіріс жүзеге асырылатын мемлекетке айналып отыр, бұл

2025 жылы 128 есірткі зертханасының жойылуымен және мефедрон прекурсорларының Қытай Халық Республикасынан Қазақстан Республикасының аумағы арқылы заңды тауарлар түрінде тапсырыс берілгені туралы деректермен расталады [20].

Прекурсорларды бақылау өз табиғаты бойынша шекарадан өткен сәтке дейін жөнелтуші мемлекетпен ақпараттық өзара іс-қимылды талап ететін кедендік-жедел міндет болып табылады. Қызыл хабарлама да, құқықтық көмек туралы сұрау салу да оған бейімделмеген: біріншісі адамға, екіншісі - жасалып қойған әрекетке бағдарланған. Нақты уақытқа жақын режимде жұмыс істейтін превентивті алмасу тетігі қажет; Ұлттық ведомствоаралық таргетинг-орталығының нәтижелері мұндай тәсілдің ұлттық деңгейдегі әлеуетін көрсетеді, ал міндет оны мемлекетаралық деңгейге көшіруде.

Қорытынды мен ұсыныстар

2023-2025 жылдары Қазақстан Республикасындағы қылмыстылықтың жалпы көрсеткіштерінің төмендеуі есірткі қылмыстылығының тұрақты өсуімен және оның цифрлық трансшекаралық нысанға ауысуымен қатар жүріп отыр, бұл жалпы көрсеткіштердің формальды жақсаруы кезінде қылмыстылықтың сапалық құрылымының нашарлауын білдіреді. 1956 жылғы Интерпол Жарғысына негізделген халықаралық-құқықтық құралдар жиынтығы адамдарды іздеуге бейімделген, бірақ трансшекаралық есірткі трафигін жедел сүйемелдеуге емес. Заңнамада заң техникасының кемшіліктері бар және ол трансшекаралық бақыланатын жеткізілімді, бірлескен жедел-іздестіру топтарын және Интерпол арналары арқылы алынған мәліметтерді заңдастыру тәртібін регламенттемейді. Баяндалғанның негізінде мыналар ұсынылады:

Қолданыстағы редакциясы Атқару комитетінің тек сандық және өкілдік құрамын ғана айқындайтын Халықаралық қылмыстық полиция ұйымы - Интерпол Жарғысының 15-бабын мынадай мазмұндағы ережемен толықтыру: «Атқару комитеті Делегаттар арасынан есірткі құралдарының, психотроптық заттардың және олардың прекурсорларының трансұлттық заңсыз айналымына қарсы іс-қимылды үйлестіруге жауапты мүшені айқындайды. Атқару комитетінің аталған мүшесі жыл сайын Бас Ассамблеяға осы бағыт бойынша мемлекетаралық жедел өзара іс-қимылдың жай-күйі туралы, оның ішінде Ұлттық орталық бюролардың сұрау салуларға ден қою мерзімдерін сақтауы туралы баяндама ұсынады». Дербес жауаптылық пен міндетті есептілікті енгізу қолданыстағы құрылымның басты кемшілігін - арнаның жеделдігіне жауап беретін субъектінің жоқтығын жояды.

Қазақстан Республикасының «Жедел-іздестіру қызметі туралы» Заңының 19-бабында халықаралық құқық қорғау ұйымдарымен өзара іс-қимылдың құқықтық негіздерін санамалау кезінде «немесе» талғаулықты жалғаулығын «және (немесе)» ыңғайластық-талғаулықты құрылымымен ауыстыру. Түзету нүктелік сипатта, бірақ елеулі практикалық маңызы бар:

ол өзара іс-қимылдың бірнеше негізін бір мезгілде пайдалануды заңдастырады, қызметкердің нақты жедел жағдайдағы жол берілетін әрекеттерінің ауқымын кеңейтеді және қорғау тарапын қазіргі уақытта біркелкі емес сот практикасы мен істердің формальды себептермен тоқтатылуының көзі болып отырған негіздердің бірін-бірі жоққа шығаратын сипаты туралы уәжінен айырады.

Аталған Заңның 19-бабын мынадай мазмұндағы тармақпен толықтыру: «Интерполдың Қазақстан Республикасындағы Ұлттық орталық бюросына шет мемлекеттердің құзыретті органдарынан және халықаралық құқық қорғау ұйымдарынан келіп түскен мәліметтер жедел-іздестіру іс-шараларын жүргізу үшін негіз ретінде пайдаланылады. Аталған мәліметтер Қазақстан Республикасының қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету туралы халықаралық шартында көзделген тәртіппен алынғаннан кейін не тиісті құжаттар жасала отырып, жедел-іздестіру жолымен тексерілгеннен кейін дәлелдемелік маңызға ие болады». Екі сатылы құрылымды бекіту Интерпол материалдарының құқықтық мәртебесінің айқынсыздығын жояды.

Аталған Заңды шет мемлекеттердің құзыретті органдары өкілдерінің қатысуымен оларды құрудың негіздері мен тәртібін, қатысушылар арасында өкілеттіктерді бөлуді, алынған нәтижелерді пайдалану тәртібін, топтың қызмет ету мерзімін және оны ұзарту тәртібін көздей отырып, «Бірлескен жедел-іздестіру топтары» деген 19-1-баппен толықтыру. Нормативтік негіз ретінде Біріккен Ұлттар Ұйымының 2000 жылғы Трансұлттық ұйымдасқан қылмысқа қарсы конвенциясының 19-бабы болады; регламенттеу моделі ретінде Еуропалық одақ мемлекеттерінің бірлескен тергеу топтары практикасын пайдалану орынды.

Баяндалған ұсыныстарды іске асыру жедел-іздестіру қызметі саласындағы халықаралық ынтымақтастықты құқықтық реттеуді қазіргі есірткі трафигінің нақты сипатына сәйкес келтіруге және құқық қорғау ықпалының екпінін түпкі орындаушылардан трансұлттық жеткізу арналарын ұйымдастырушыларға ауыстыруға мүмкіндік береді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1 Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж. Тоқаевтың Қазақстан Республикасы ІІМ алқасының кеңейтілген отырысында сөйлеген сөзі, 2025 жылғы 23 маусым. - URL: https://www.akorda.kz/ru/vystuplenie-prezidenta-kasym-zhomarta-tokaeva-na-zasedanii-rasshirennoy-kollegii-pravoohranitelnyh-organov-235114? ysclid=mt16muo2e5993448120 (қаралған күні: 10.02.2026).

2 2026-2028 жылдарға арналған нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрес жөніндегі кешенді жоспарды бекіту туралы: Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2025 жылғы 19 желтоқсандағы қаулысы. URL: https://adilet.zan.kz/rus/docs/ P2500001117 (қаралған күні: 10.02.2026).

3 Саденов Е. Есірткі бизнесіне Қазақстанда орын жоқ. 2025 жылғы 14 қазан. URL: https://www.gov.kz/memleket/entities/qriim/press/news/details/ 1085945?lang=ru&ysclid=mt16bsyao3339686548 (қаралған күні: 10.02.2026).

4 2024 жылғы тіркелген қылмыстық құқық бұзушылықтар және қылмыстық қудалау органдары қызметінің нәтижелері туралы есеп: №1-М нысан / Қазақстан Республикасы Бас

прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті. - Астана, 2025.
5 2025 жылғы қаңтар-сәуірдегі Қазақстан Республикасындағы қылмыстылықтың жай-күйі туралы мәліметтер / Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті. - Астана, 2025.
6 Нашақорлықтың алдын алу және интернеттегі есірткі насихатына қарсы іс-қимыл мәселелері қаралды. 30.06.2026 - URL: https://www. enbekshiqazaq.kz/ru/news/398323-rassmotreny-voprosy-profilaktiki-narkomanii-i-protivodeystviya-propagande.html?ysclid=mt16gfggh6855787029 (қаралған күні: 30.06.2026).
